

## **«Самұрық-Энерго» АҚ басшылығының 2022 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі**

2023 жыл

## Мазмұны

|                                                                                            |                                 |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| <u>1. <a href="#">Топқа шолу</a></u> .....                                                 | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>2. <a href="#">Макроэкономикалық факторлар</a></u> .....                                | 3                               |
| <u>3. <a href="#">Тариф саясаты</a></u> .....                                              | 7                               |
| <u>4. <a href="#">Өндірістік көрсеткіштер</a></u> .....                                    | 8                               |
| <u>5. <a href="#">Есептік кезеңдегі негізгі оқиғалар</a></u> .....                         | 14                              |
| <u>6. <a href="#">Компания дамуының негізгі бағыттары</a></u> .....                        | 17                              |
| <u>7. <a href="#">Есеп саясатының қағидаттары</a></u> .....                                | 21                              |
| <u>8. <a href="#">Қаржы-экономикалық көрсеткіштер</a></u> .....                            | 22                              |
| <u>9. <a href="#">Құрылған және бөлінген экономикалық құн</a></u> .....                    | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>10. <a href="#">Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу</a></u> ..     | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>11. <a href="#">Стратегиялық НКК-ні орындау</a></u> .....                               | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>12. <a href="#">Күрделі шығындарға жасалған талдау</a></u>                              | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>13. <a href="#">Өтімділік және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері</a></u>                | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>14. <a href="#">Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер</a></u> .. | Ошибка! Закладка не определена. |
| <u>15. <a href="#">Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)</a></u>                               | Ошибка! Закладка не определена. |

## **1. Топқа шолу**

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылды. Қоғамның құрылған сәттегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ болды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.


2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны біріктіру арқылы жүргізілген қайта құру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болып белгіленді.

Қазіргі кезде Қоғам энергиямен жабдықтау бойынша тиімділігі жоғары жүйені қалыптастыратын, сондай-ақ Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін халықаралық энергия балансына ойдағыдай интеграцияланған аса ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын және ыстық суды өндіру, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы өңірінде электр және жылу энергиясын өндіретін өңірлік маңызы бар станциялар бар; СЭС Ертіс каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне (Шардара СЭС және Мойнақ СЭС) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары да бар. Сонымен қатар Қоғамның активтерінің құрамына өңірлік тарату желілері мен Алматы өңірінің өткізуші компаниясы мен Қазақстандағы көмір өндіретін ең ірі кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың және Қазақстанда, Ресей Федерациясында орналасқан үшінші тараптардың да өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.

## «Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің ағымдағы құрылымы:



## 2. Макроэкономикалық факторлар

2022 жылы Қазақстан экономикасы жалпы әлемдік экономика деңгейіндегі қиындықтарға тап болды – тұтыну инфляциясының рекордтық қарқыны, ақша-несие шарттарының жылдам және кеңінен қатаюы (АНШ), үй шаруашылығы өнімдерін тұтынудың төмендеуі, тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығының нашарлауы, сондай-ақ қаңтар айында бүкіл ел бойынша орын алған төтенше жағдайдың теріс салдарлары және одан кейінгі Украинадағы қақтығыс елдің негізгі сауда серіктестерінің экономикасына әсер етті және осы елдер арасында қалыптасқан жеткізілім логистикасының бұзылуына себеп болды, бұл жағдай жанама түрде республикадағы тұтынушылық инфляция қарқынының 1990 жылдан бергі кезеңдегі рекордтық деңгейге жетуіне ықпал етті. 2021ж. байқалған 4.3% төмендеумен салыстырғанда экономиканың өсу динамикасындағы айтарлықтай «күлдырау» негізінен мұнай секторы есебінен болды, яғни елдің үш ірі мұнай кен орнындағы жөндеу жұмыстарына байланысты мұнай өндіру

көлемінің төмендеуі байқалды. Сонымен қатар, күзде ОПЕК + келісіміне қатысушы елдер мұнай өндіруді шектеу туралы шешім қабылдады, бұл Қазақстан квотасына да әсер етті.

2022 жылы республика экономикасы өсу қарқынының одан әрі баяулауына бюджеттік қарқын, көмірсутектерге деген сыртқы сұраныс пен жоғары баға, сондай-ақ дәнді дақылдардың рекордтық өнімінің жиналуы әсер етті. Осының арқасында экономика 2022 жылы 3.2% - ға өскенін көрсетті. Өткен жылдың қазан айындағы (18.8% г/г) және желтоқсандағы (20.3% г/г) инфляцияның жоғары қарқыны аясында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемені алдымен 16.0%-ға, содан кейін 16.75%-ға дейін көтерді. Инфляцияға қарсы тәуекелдердің сақталуын ескере отырып, ҚР ҰБ базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы қалыптасқан деңгейде ұстап тұру қажеттігін айтты.




Инфляцияның өсуі 1996 жылдан бастап 20.3% -ға дейін жеделдеді. Бұл ретте қазақстанда тұтынушылық инфляция қарқынының үздіксіз үдеуі 2018 жылдан бастап байқалып отыр. Пандемияның салдары және экономиканы қолдау бағытындағы мемлекеттік шаралар Украинадағы әскери қарсыласумен қатар 2022 жылы бағаның айтарлықтай өсуіне түрткі болды. 2022 жылы мемлекеттік бюджет шығындары 20%-ға өсті, және тұтастай алғанда 2018 жылмен салыстырғанда екі есе өсті. Мемлекеттік шығыстардың өсуі республика бойынша ең төменгі және орташа жалақының ұлғаюына әсер етті, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына инвестициялардың ұлғаюына ықпал етті, олардың көлемін кеңейту тұрғын үй бағасының өсуімен қатар жүрді. Бюджеттен тыс қаражатпен бірге бюджет импульсі республика экономикасына айтарлықтай инфляциялық қысым көрсетті. 2022 жылғы сыртқы жағымсыз ахуал ұлттық валютаның әлсіреуіне де әсер етті, оның бағамы АҚШ долларына шаққанда 8.1%-ға құнсызданды. Сонымен бірге теңге бағамы ресей рубліне қарағанда 20%-ға төмендеді, бұл Ресейден импорттың басым көлемін ескере отырып, экономикаға инфляциялық қысымды одан әрі күшейтті.


2022 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің биржалық бағамы жыл басынан бері 431,8 теңге/АҚШ долларынан 462,65 теңге/АҚШ долларына (~7% - ға әлсіреу) өзгерді, осы кезең ішінде бағам 512 теңге/АҚШ долларына жетті.

Деректер Halyk Finance аналитикалық ақпаратына сәйкес ұсынылып отыр.

Валюта бағамдарының өсу қарқыны:

|                | 31.12.2021 жыл | 31.12.2022 жыл | %           |
|----------------|----------------|----------------|-------------|
| <b>KZT/USD</b> | <b>434,12</b>  | <b>467,74</b>  | <b>108%</b> |
| <b>KZT/EUR</b> | <b>490,51</b>  | <b>494,39</b>  | <b>101%</b> |
| <b>KZT/RUB</b> | <b>5,88</b>    | <b>7,16</b>    | <b>122%</b> |






Жүйелік оператордың деректері бойынша ҚР электр станциялары 2022 жылы 112 865,9 млн. кВтс электр энергиясын өндірді, бұл 2021 жылдың осы кезеңіне қарағанда 1 582,0 млн. кВтс-ға немесе 1,4%-ға аз. Қазақстан БЭЖ-інің Солтүстік аймағында өндірудің азайғаны байқалды.

2022 жылдың қаңтар-желтоқсанында 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Атырау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда және Түркістан облыстарында электр энергиясын өндіру айтарлықтай өсті. Жамбыл облысында электр энергиясы өндірудің 1 658,1 млн кВтс-ға немесе 54,8%-ға күрт өсуі оңтүстік аймақтағы электр энергиясының тапшылығын жабу мақсатында Жамбыл ГРЭС-на қосымша екі блоктың қосылуымен байланысты болып отыр.

Сонымен қатар, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында электр энергиясы өндірісінің төмендеуі байқалды.



Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда республиканың электр энергиясын тұтыну динамикасында 2021 жылдың қаңтар-желтоқсандағы көрсеткіштерімен салыстырғанда 945,7 млн. кВтс-қа немесе 0,8%-ға төмендеуі байқалды.



### 3. Тариф саясаты

Табиғи монополиялар субъектілері, бәсекелес және қоғамдық маңызы бар нарықтардың субъектілері болып табылатын Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңдарымен және ҚР Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Тарифтік реттеу энергетикалық компанияның қызметінің түріне байланысты ҚР Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрілігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Электр энергиясының тарифтері 2016-2018 жылдар кезеңінде энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – ЭӨҰ) үшін, бұрын станциялар үшін 2015 жылға бекітілген шекті тарифтер деңгейінде белгіленді.

2014 жылы қабылданған Қазақстанның отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының негізінде 2019 жылдан бастап саланы инвестициялардың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде қуат нарығы енгізілді, бұл ұзақ мерзімді болашақта нарыққа жағымды әсер ететін болады.

2019 жылдан бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін қуат нарығын іске қосуды ескере отырып, мыналар қалыптастырылды:

- инвестициялық жобаларға және негізгі борышты өтеуге арналған шығындарды қамтитын қуатқа арналған шекті тарифтер (инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тартылатын кредит қаражаты бойынша);
- электр энергиясын өндіру мен пайда нормасын қамтитын электр энергиясына шекті тарифтер. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 76 бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту



кезінде ескерілетін пайда нормасын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесін» бекіту туралы 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрыққа түзетулер енгізілді.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап «ЖЭК-ті пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңына сәйкес, ЭӨҰ сатып алатын электр энергиясына шығындарды өтеу мақсатында ЭӨҰ электр энергиясына босату тарифінің құрамында өтпелі үстемеақы тетігі енгізілді. Өтпелі үстемеақыны «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС ҚР-дағы ЖЭК-ті қолдауға жұмсалған шығындар және шартты тұтынушылар болып табылатын ЭӨҰ электр энергиясын босату көлемдері негізінде есептейді. ЖЭК-ке өтпелі үстемеақыны енгізуді ескере отырып, елдің энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясына арналған тарифтер қайта қаралды.

Энергия беруші компаниялар үшін электр энергиясын беруге және бөлуге, жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтерді және энергиямен жабдықтауға арналған тарифтерді (ЭЖҰ) Экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитеттің реттеуі мен бақылауы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Тарифтер бойынша шешімдер әлеуметтік және саяси мәселелерге айтарлықтай әсер етеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Топтың операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

#### 4. Өндірістік көрсеткіштер



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша 2022 жылы жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі 31,8%-ды құрады, 2021 жылмен салыстырғанда үлес 0,7%-ға өсті.

**Өндірістік ҚНҚ (өндірушілерге шаққанда)**

**2022 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 35 884 млн. кВтс. құрады,** өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1%-ға немесе 275 млн.кВтсағ. жоғары. Өсім негізінен «ШарГЭС» АҚ көлемінің 14%-ға (62 млн. кВтсағ) ұлғаюы есебінен қалыптан тыс жаңбырлы ауа-райына және Нарын-Сырдария каскады аумағында жазғы-күзгі кезеңде жауын-шашынның ұлғаюына байланысты, бұл су ағынының және Бестөбе су қоймасындағы су деңгейі есебінен «МГЭС» АҚ-ның 28% - ға (215 млн. кВтсағ) ұлғаюына әкелді.


| ЕТҰ атаулары                                     | 2020<br>Нақты | 2021<br>Нақты | 2022<br>Нақты | % к факту<br>2021 ж. | 2023<br>Болжам | 2024<br>Болжам |
|--------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|----------------------|----------------|----------------|
| <b>Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс</b> |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                           | 19 466        | 22 788        | 23 048        | 101%                 | 22 152         | 22 995         |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                  | 4 974         | 6 433         | 6 002,5       | 93%                  | 6 100          | 6 100          |
| «АлЭС» АҚ                                        | 5 335         | 5 008         | 5 099         | 102%                 | 5 046          | 5 046          |
| «Мойнак ГЭС» АҚ                                  | 930           | 758           | 973           | 128%                 | 906            | 906            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                 | 513           | 456           | 518           | 114%                 | 437            | 537            |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС                        | 7,37          | 20,45         | 19,78         | 97%                  | 20,70          | 20,67          |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС               | 159,37        | 144,59        | 135,72        | 94%                  | 164,59         | 184,04         |
| "Ereumentau Wind Power" ЖШС                      | -             | -             | -             |                      | 193,50         | 215,00         |
| "Энергия Семиречья" ЖШС-үлесі 25%                | -             | -             | 88,26         |                      | 223,67         | 225,75         |
| <b>Барлығы</b>                                   | <b>31 385</b> | <b>35 609</b> | <b>35 884</b> | <b>101%</b>          | <b>35 243</b>  | <b>36 230</b>  |
| <b>Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс</b>   |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                           | 19 001        | 22 496        | 23 102        | 103%                 | 22 303         | 23 382         |
| экспорт                                          | 859           | 400           | -             |                      | -              | -              |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                  | 4 809         | 6 336         | 5 938         | 94%                  | 6 102          | 6 162          |
| экспорт                                          | -             | 192           | 473           | 247%                 | -              | -              |
| "АлЭС" АҚ                                        | 4 689         | 4 425         | 4 591         | 104%                 | 4 523          | 4 590          |
| «Мойнак ГЭС» АҚ                                  | 944           | 781           | 1 014         | 130%                 | 946            | 956            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                 | 521           | 468           | 540           | 115%                 | 452            | 564            |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС                        | 7,22          | 20,22         | 19,53         | 97%                  | 19,92          | 19,89          |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС               | 159           | 144,29        | 135,37        | 94%                  | 162            | 183            |
| "Ereumentau Wind Power" ЖШС                      | -             | -             | -             |                      | 192            | 213            |
| "Энергия Семиречья" ЖШС-үлесі 25%                | -             | -             | 86,40         |                      | 217            | 219            |
| <b>Барлығы</b>                                   | <b>30 131</b> | <b>34 671</b> | <b>35 426</b> | <b>102%</b>          | <b>34 918</b>  | <b>36 289</b>  |
| <b>Қуатты сату көлемі, МВт</b>                   |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                           | 1 556         | 1 565         | 2 024         | 129%                 | 2 080          | 2 601          |
| оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша           |               |               |               |                      |                | 477            |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                  | 743           | 525           | 779           | 148%                 | 896            | 896            |
| «АлЭС» АҚ                                        | 872           | 806           | 859           | 107%                 | 850            | 850            |

| ЕТҮ атаулары                                      | 2020<br>Нақты | 2021<br>Нақты | 2022<br>Нақты | % к факту<br>2021 ж. | 2023<br>Болжам | 2024<br>Болжам |
|---------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|----------------------|----------------|----------------|
| оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша            | 70            | 70            | 70            | 100%                 | 70             | 70             |
| «Мойнақ ГЭС» АҚ                                   | 286           | 292           | 289           | 99%                  | 298            | 298            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                  | 48            | 61            | 61            | 100%                 | 61             | 61             |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>3 505</b>  | <b>3 248</b>  | <b>4 013</b>  | <b>124%</b>          | <b>4 184</b>   | <b>4 705</b>   |
| <b>Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал</b>    |               |               |               |                      |                |                |
| «АлЭС» АҚ                                         | 5 596         | 5 554         | 5 282         | 95%                  | 5 323          | 5 323          |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                   | 67            | 76            | 78            | 102%                 | 76             | 76             |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                            | 155           | 136           | 143           | 105%                 | 151            | 151            |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>5 819</b>  | <b>5 766</b>  | <b>5 502</b>  | <b>95%</b>           | <b>5 549</b>   | <b>5 549</b>   |
| <b>Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс</b> |               |               |               |                      |                |                |
| АО "АЖК"                                          | 6 838         | 7 650         | 8 154         | 107%                 | 8 261          | 8 347          |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>6 838</b>  | <b>7 650</b>  | <b>8 154</b>  | <b>107%</b>          | <b>8 261</b>   | <b>8 347</b>   |
| <b>Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс</b>    |               |               |               |                      |                |                |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС                            | 6 055         | 6 724         | 6 847         | 102%                 | 7 084          | 7 297          |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>6 055</b>  | <b>6 724</b>  | <b>6 847</b>  | <b>102%</b>          | <b>7 084</b>   | <b>7 297</b>   |
| <b>Көмір сату көлемі, млн тонна</b>               | <b>43,44</b>  | <b>44,74</b>  | <b>42,41</b>  | <b>95%</b>           | <b>44,30</b>   | <b>45,21</b>   |

| ЕТҮ атаулары                                     | 2020<br>Нақты | 2021<br>Нақты | 2022<br>Нақты | % к факту<br>2021 ж. | 2023<br>Болжам | 2024<br>Болжам |
|--------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|----------------------|----------------|----------------|
| <b>Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс</b> |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                           | 19 466        | 22 788        | 23 048        | 101%                 | 22 152         | 22 995         |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                  | 4 974         | 6 433         | 6 002,5       | 93%                  | 6 100          | 6 100          |
| «АлЭС» АҚ                                        | 5 335         | 5 008         | 5 099         | 102%                 | 5 046          | 5 046          |
| «Мойнақ ГЭС» АҚ                                  | 930           | 758           | 973           | 128%                 | 906            | 906            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                 | 513           | 456           | 518           | 114%                 | 437            | 537            |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС                        | 7,37          | 20,45         | 19,78         | 97%                  | 20,70          | 20,67          |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС               | 159,37        | 144,59        | 135,72        | 94%                  | 164,59         | 184,04         |
| "Ereumentau Wind Power" ЖШС                      | -             | -             | -             |                      | 193,50         | 215,00         |
| "Энергия Семиречья" ЖШС-үлесі 25%                | -             | -             | 88,26         |                      | 223,67         | 225,75         |
| <b>Барлығы</b>                                   | <b>31 385</b> | <b>35 609</b> | <b>35 884</b> | <b>101%</b>          | <b>35 243</b>  | <b>36 230</b>  |
| <b>Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс</b>   |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                           | 19 001        | 22 496        | 23 102        | 103%                 | 22 303         | 23 382         |
| экспорт                                          | 859           | 400           | -             |                      | -              | -              |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                  | 4 809         | 6 336         | 5 938         | 94%                  | 6 102          | 6 162          |
| экспорт                                          | -             | 192           | 473           | 247%                 | -              | -              |
| "АлЭС" АҚ                                        | 4 689         | 4 425         | 4 591         | 104%                 | 4 523          | 4 590          |
| «Мойнақ ГЭС» АҚ                                  | 944           | 781           | 1 014         | 130%                 | 946            | 956            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                 | 521           | 468           | 540           | 115%                 | 452            | 564            |

| ЕТҮ атаулары                                      | 2020<br>Нақты | 2021<br>Нақты | 2022<br>Нақты | % к факту<br>2021 ж. | 2023<br>Болжам | 2024<br>Болжам |
|---------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|----------------------|----------------|----------------|
| «Samruk-Green Energy» ЖШС                         | 7,22          | 20,22         | 19,53         | 97%                  | 19,92          | 19,89          |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС                | 159           | 144,29        | 135,37        | 94%                  | 162            | 183            |
| "Ereymentau Wind Power" ЖШС                       | -             | -             | -             |                      | 192            | 213            |
| "Энергия Семиречья" ЖШС-үлесі 25%                 | -             | -             | 86,40         |                      | 217            | 219            |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>30 131</b> | <b>34 671</b> | <b>35 426</b> | <b>102%</b>          | <b>34 918</b>  | <b>36 289</b>  |
| <b>Қуатты сату көлемі, МВт</b>                    |               |               |               |                      |                |                |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                            | 1 556         | 1 565         | 2 024         | 129%                 | 2 080          | 2 601          |
| оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша            |               |               |               |                      |                | 477            |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                   | 743           | 525           | 779           | 148%                 | 896            | 896            |
| «АлЭС» АҚ                                         | 872           | 806           | 859           | 107%                 | 850            | 850            |
| оның і. қуат көлемі жеке тариф бойынша            | 70            | 70            | 70            | 100%                 | 70             | 70             |
| «Мойнак ГЭС» АҚ                                   | 286           | 292           | 289           | 99%                  | 298            | 298            |
| «Шардара СЭС» АҚ                                  | 48            | 61            | 61            | 100%                 | 61             | 61             |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>3 505</b>  | <b>3 248</b>  | <b>4 013</b>  | <b>124%</b>          | <b>4 184</b>   | <b>4 705</b>   |
| <b>Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал</b>    |               |               |               |                      |                |                |
| «АлЭС» АҚ                                         | 5 596         | 5 554         | 5 282         | 95%                  | 5 323          | 5 323          |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ                   | 67            | 76            | 78            | 102%                 | 76             | 76             |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                            | 155           | 136           | 143           | 105%                 | 151            | 151            |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>5 819</b>  | <b>5 766</b>  | <b>5 502</b>  | <b>95%</b>           | <b>5 549</b>   | <b>5 549</b>   |
| <b>Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс</b> |               |               |               |                      |                |                |
| АО "АЖК"                                          | 6 838         | 7 650         | 8 154         | 107%                 | 8 261          | 8 347          |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>6 838</b>  | <b>7 650</b>  | <b>8 154</b>  | <b>107%</b>          | <b>8 261</b>   | <b>8 347</b>   |
| <b>Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс</b>    |               |               |               |                      |                |                |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС                            | 6 055         | 6 724         | 6 847         | 102%                 | 7 084          | 7 297          |
| <b>Барлығы</b>                                    | <b>6 055</b>  | <b>6 724</b>  | <b>6 847</b>  | <b>102%</b>          | <b>7 084</b>   | <b>7 297</b>   |
| <b>Көмір сату көлемі, млн тонна</b>               | <b>43,44</b>  | <b>44,74</b>  | <b>42,41</b>  | <b>95%</b>           | <b>44,30</b>   | <b>45,21</b>   |





Алдағы кезеңге болжам:

2023 жылға арналған болжамда **электр энергиясын өндіру көлемі** 2022 жылғы деректерге қарағанда біртіндеп азаяды деген болжам жасалды. 2023 жылы электр энергиясын өндіру көлемінің 641 млн.кВтсағ-қа төмендеуі негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі есебінен, энергия блоктарына жоспарлы жөндеу жүргізу қажеттілігіне байланысты.


2022 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемі** 5 502 мың Гкал құрады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңдегі жылыту кезеңіндегі орташа айлық температураның жоғарылауы нәтижесінде төмендеу (5)% құрайды.



Алдағы кезеңге болжам:

2023 жылға арналған жоспардағы **жылу энергиясын өндіру көлемі** негізінен «Алматы Электр Станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемін ұлғайту есебінен 2022 жылғы деректерге қарағанда 1% - ға ұлғаяды деген болжам жасалады.

2022 жылы «АЖК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 8 154 млн. кВтсағ құрады, бұл 2021 жылғы фактіден 7%-ға немесе 504 млн.кВтсағ-қа жоғары.



Алдағы кезеңге болжам:

Электр энергиясын жеткізу және тарату көлемі 2023 жылы 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 1%-ға артады деп күтілуде.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда есепті кезең ішіндегі электр энергиясын сатудың жалпы көлемі 6 847 млн. кВтс құрады, бұл Серіктестікке қызмет көрсету аймағында электр энергиясын тұтыну көлемінің ұлғаюына байланысты 2021ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2%-ға жоғары.


| Атауы                                 | Нақты 2021ж.   | Нақты 2022ж.   | Ауытқу.       | %           |
|---------------------------------------|----------------|----------------|---------------|-------------|
| <b>АлматыЭнергоСбыт</b>               |                |                |               |             |
| <b>Тұтынушылар саны, оның ішінде:</b> | <b>899 134</b> | <b>929 929</b> | <b>30 795</b> | <b>104%</b> |
| Тұрғындар                             | 862 980        | 891 214        | 28 234        | 104%        |
| заңды тұлғалар                        | 36 154         | 38 715         | 2 561         | 106%        |
| <b>Сату көлемі, млн кВтс</b>          | <b>6 724</b>   | <b>6 847</b>   | <b>123</b>    | <b>102%</b> |

Алдағы кезеңге болжам:

2023 жылға арналған болжамдағы электр энергиясын сату көлемі 2022 жылғы деңгейінен 3% - ға ұлғаяды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша көмірді сату көлемі 42 409 мың тоннаны құрады, бұл ұқсас кезеңнен 5%-ға немесе 2 331 мың тоннаға аз (ішкі нарықта көмірді өткізу көлемінің 2 614 мың тоннаға немесе 7% - ға төмендеуі және көмірді экспортқа өткізу көлемінің 282 мың тоннаға немесе 3% - ға ұлғаюы).

**2022 жылы аршу коэффициенті 0,78 м3/тоннаны құрады, ұқсас кезеңде 0,73 м3 / тоннаны құраған.**



Алдағы кезеңге болжам:

2023 жылға арналған болжамда **көмір сату көлемі** 2022 жылға қарағанда 1 891 мың тоннаға немесе 4%-ға ұлғаяды.

## 5. Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар

| Күні              | Оқиғалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 27 қаңтар 2022 ж. | Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Азия даму банкі алдындағы негізгі борышын 15,2 млрд.теңге сомасына мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.                                                                                                                                                           |
| 1 ақпан 2022 ж.   | АІХ алаңында 1 млрд. теңге сомасына «МГЭС» АҚ облигацияларын кері сатып алынды.                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 14 ақпан 2022 ж.  | «Самұрық-Энерго» АҚ, «АлЭС» АҚ және Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі тараптарының «Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 нысанын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде Мандаттық хатқа қол қойды.                                                                                                    |
| 26 сәуір 2022 ж.  | Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Еуропалық Қайта Құру және Даму банкі алдындағы негізгі борышты 8 млрд.теңге сомасына ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.                                                                                                                                 |
| 16 мамыр 2022 ж.  | Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «ГРЭС-1» ЖШС «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдындағы негізгі борышын 2,6 млрд.теңге сомасына мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.                                                                                                                                                        |
| 24 маусым 2022 ж. | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 «Генерациялаудың маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына аукциондық сауда-саттықты |

| Күні               | Оқиғалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                    | өткізудің кейбір шарттарына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 30 маусым 2022 ж.  | Мемлекет басшысы «Электр энергетикасы туралы» ҚРЗ-ға электр станцияларын көмірден газға ауыстыру жобалары бойынша қуаттылыққа жеке тариф белгілеуге қатысты түзетулерді қамтитын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару, Мемлекеттік шекара, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Аталған түзетулер Алматы ЖЭО-2 жобасы бойынша инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. |
| 30 маусым 2022 ж.  | ҚР Энергетика министрінің 30.06.2022 ж. №226 бұйрығымен 2022 жылғы 1 шілдеден бастап АлЭС (10,23 теңге/кВтс-тан 11,19 теңге/кВтс-ға дейін немесе 9%), МГЭС (10,9 теңге/кВтс-тан 11,71 теңге/кВтс-ға дейін немесе 7%) және ШарГЭС бойынша (8,77 теңге/кВтс-тан 9,82 теңге/кВтс-ға дейін немесе 12%) электр энергиясына түзетілген шекті тарифтер енгізілді.                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 21 шілде 2022 ж.   | Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, «Жетісу энергиясы» ЖШС-де 60 МВт-тық «Шелек» ЖЭС пайдалануға берілді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 22 шілде 2022 ж.   | АІХ алаңында 5 млрд. теңге сомасына «МГЭС» АҚ облигацияларын кері сатып алу жүзеге асырылды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 26 июля 2022 г.    | Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Азия даму банкі алдындағы негізгі борышты 15,4 млрд.теңге сомасына мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 18 тамыз 2022 ж.   | Алматы қ.ТМРКД-ның 18.08.2022 ж. №89 – НҚ бұйрығымен 01.09.2022 ж. бастап қолданысқа енгізілетін болып АЖК үшін 2022-2026жж. арналған тарифтер мен тарифтік сметаның шекті деңгейлері - 6,69 теңге/кВтс-ға (ҚҚС-сыз) бекітілді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 26 тамыз 2022 ж.   | «Алматыэнергосбыт» ЖШС үшін 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін болып, ҚҚС-сыз 21,16 теңге/кВтс-ға немесе бекітілген деңгейден 7,2% өсім мөлшерінде ҚР ҰЭМ Алматы қаласы бойынша ТМРКД-ден шекті бағаның келісімі алынды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 27 тамыз 2022 ж.   | Стратегиялық тауар құнының – жылу энергетикалық компаниялар үшін тауар түріндегі газды сатудың бөлшек сауда бағасының өзгеруіне байланысты Алматы қаласы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРКД-нің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 97-НҚ және Алматы облысы бойынша 2022 жылғы 27 тамыздағы № 92-НҚ бірлескен бұйрығымен 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіле отырып, жылу энергиясын өндіру бойынша «АлЭС» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтердің мынадай деңгейлері бекітілді:<br>01.09.2022 ж. бастап - 3 929,83 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз); 01.01.2023ж. бастап – 4 003,36 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз);                                               |
| 5 қыркүйек 2022 ж. | KASE-де 3,1 млрд.теңге сомасына «Самұрық-Энерго» АҚ (SNRГb2) облигацияларын жоспарлы толық өтеу жүргізілді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 7 қыркүйек 2022 ж. | ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі АлЭС газдандыру жобаларына өз қатысуын қаржыландыру мақсатында қажетті 120 млрд. теңге сомасына Қоғамның екінші облигациялық бағдарламасын тіркеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |



| Күні                 | Оқиғалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 26 қыркүйек 2022 ж.  | Салық салуды болдырмау мақсатында негізгі қорларды жіктеу шенберінде ҚР Энергетика министрлігінің салалық қорытындысы, сондай-ақ электр энергиясын өндіруге арналған құрылғылар жабдыққа жатқызылған Премьер-Министрдің жазбаша қорытындысы алынды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 30 қыркүйек 2022 ж.  | Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдындағы 16,8 млрд.теңге сомасындағы негізгі борышын мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7 қазан 2022 ж.      | ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ екінші облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеуді жүргізді. Шығару көлемі 120 млрд. теңгені құрайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 27 қазан 2022 ж.     | ЕҚДБ ережелері бойынша Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын іске асыру үшін ЕРС-мердігерді таңдау бойынша ашық екі кезеңді халықаралық конкурс жарияланды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 9 қараша 2022 ж.     | Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі шетел және ұлттық валютадағы Самұрық-Энергоның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін "BB+" деңгейіне дейін көтерді, сондай-ақ Самұрық-Энергоның дербес негіздегі кредит қабілетін "B+" - ден "BB -" - ге дейін және қамтамасыз етілмеген кредиттер бойынша рейтингті "BB" - ден "BB+" - ге дейін арттырды. Болжам "Тұрақты".                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 25 қараша 2022 ж.    | Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын іске асыру мақсатында «АлЭС» АҚ мен Еуропалық Қайта Құру және Даму банкі (ЕҚДБ) арасында 130 млрд. теңгеге қарыз шарты жасалды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 25 қараша 2022 ж.    | Қазақстанның Даму Банкі мен «АлЭС» АҚ арасында Алматы ЖЭО-2 газдандыру жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландыруды ұсыну жөніндегі Ниеттер туралы келісімге қол қойылды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 28 қараша 2022 ж.    | «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен «Самұрық-Энерго» АҚ арасында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жарғылық капиталындағы құрамында «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС бар «Тегісмұнай» ЖШС-ның 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шартына қол қойылды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 30 қараша 2022ж.     | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м. а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 389 бұйрығымен баламалы отын түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғылар салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды қарау, баламалы отын түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғылар салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісімдер жасасу, электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісті түрде жасасу және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдерін белгілеу қағидалары бекітілді. |
| 20 желтоқсан 2022 ж. | Қор «Алматы қаласының кабельдік желілерін реконструкциялау» жобасы шеңберінде одан әрі АЖК Жарғылық капиталына беру үшін Самұрық-Энергоның жарғылық капиталына 2,5 млрд. теңге мөлшерінде салымды жүзеге асырды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 20 желтоқсан 2022 ж. | АІХ алаңында 2 млрд. теңге сомасына «МГЭС» АҚ облигацияларын кері сатып алу жүзеге асырылды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 29 желтоқсан 2022 ж. | Мемлекет басшысы Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы, оның ішінде энергия беруші ұйымдарды электр энергиясын беру жөніндегі қызметпен айналыспайтын меншік иелерінен электр желілерін қабылдау кезінде есептелетін КТС-тан босатуға қатысты Заңға қол қойды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

| Күні                 | Оқиғалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Желтоқсан 2022ж.     | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.М. Сәтқалиевтің Қорды реформалау мәселелері жөніндегі 2022 жылғы 19 шілдедегі (№37-ө) тапсырмасын орындау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде, Қоғамның «жасыл» активтерін біртұтас периметрде шоғырландыру үшін 2022 жылғы желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ Қоғам құрылымында Qazaq Green Power PLC еншілес ұйымын «Астана» халықаралық қаржы орталығы юрисдикциясында құру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылды.     |
| 30 желтоқсан 2022 ж. | «Табиғи монополиялар туралы» 27.12.2018 жылғы № 204-VI ҚРЗ Заңына қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін электр энергиясын жеткізуге 5 жылға бекітілген тарифтерді түзету үшін 12.01.2023 жылдан бастап қолданысқа енгізілетін қосымша шарттарды көздейтін өзгерістер (ұлттық жобаларды іске асырумен байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді теңгерімге не сенімгерлік басқаруға алу, орташа айлық жалақыны өзгерту) енгізілді. |

## 6. Компанияны дамытудың негізгі бағыттары

Электр энергетикасы - экономиканың базалық инфрақұрылымдық саласы, оған өндірістік кешеннің, қызмет көрсету саласының жұмыс істеу тиімділігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасы да тәуелді деуге болады. Компания алдында жоғары экономикалық тиімділікті, инновациялық жетілдіруді және әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарын үйлестіре отырып, ішкі тұтынушылар мен экспортты энергия ресурстарымен қамтамасыз етудің оңтайлы арақатынасын қамтитын дамудың теңгерімді моделін қалыптастыру міндеті тұр. Компанияның стратегиялық миссиясы осыған сүйене отырып қалыптасады.

**Пайымдау:** Тиімді жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы.

**Миссия:** Акционерлер үшін бағаны қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму арқылы өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру.

Миссияны және стратегиялық мақсаттарды тиімді іске асыру мақсатында жаһандық, ұлттық және корпоративтік деңгейлердегі сын-кәтерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, Қоғам үшін негізгі басымдықтар - орнықты даму, жауапты инвестициялар, портфельді тиімді және белсенді басқару айқындалды.

Сондай-ақ, Қоғам миссиясына сәйкес қызметтің 3 стратегиялық бағыты айқындалды.

- «Жасыл» экономикаға көшу. Мақсат - көміртегі ізін азайту.
- Қатысу нарықтарында энергия ресурстарын сенімді бәсекеге қабілетті жеткізуді қамтамасыз ету. Мақсат - өнімділікті арттыру.
- Акционерлік капитал құнын арттыру. Мақсат - таза активтердің құнын арттыру.

Стратегиялық мақсаттарға сүйене отырып, бастамалар мен міндеттер қалыптасты.

## **Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру қорытындылары**

### **6.1. Экологиялық жауапкершілік**

- МАЭС-1, МАЭС-2, АлЭС станцияларында қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату. МАЭС-1 бойынша ЖСҚ әзірлеуге шарт жасалды; МАЭС-2 бойынша ЖСҚ әзірленді, жасалған шарт шеңберінде жабдықты жеткізу бойынша жұмыс жүргізілуде және ҚМЖ басталды; АлЭС бойынша жабдықты монтаждау үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде.

- МАЭС-1-де төмен эмиссиялы құйынды шаң-көмір оттықтарын қолдану. ЖСҚ әзірлеуге шарт жасалды.

### **6.2. ҒЗТҚЖ**

- Көміртекті ұстау және сақтау технологиясы (CCS), көмір химиясы өнімдерін алу (ҒЗТҚЖ). Техникалық ерекшелік бекітілді, тендер жарияланды.

### **6.3. Жасыл қаржыландыру**

- «Жасыл» қаржыландыру құралдарын пайдалану. Қоғам жасыл облигациялар шығаруды жүзеге асырды. Түсімдерді пайдалану/бөлу және қаржыландырылатын «жасыл» жобалардың әсері туралы есеп АІХ сайтында және Қоғамның корпоративтік сайтында дайындалып, жарияланды

### **6.4. Ресурс үнемдеу**

- МАЭС-2 «Тазартылған суды қайтару сорғы станциясының құрылысы». ЖСҚ әзірлеуге шарт жасалды.

### **6.5. Декарбонизация**

- ЖЭК объектілерінен көміртегі бірліктерін (офсеттерді) сату. Жобалық құжаттама мен мониторинг жоспарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мақұлдады. Офсеттік бірліктер алынды және шотқа аударылды.

### **6.6. Адам капиталын дамыту**

- Жұмысшылар үшін қолайлы жағдай жасау. Корпоративтік мәдениетті диагностикалау және дамыту бойынша консультациялық қызметтерді сатып алу Қормен келісілмеген. «Тану және алғыс айту мәдениеті» тақырыбында корпоративтік тренинг өткізілді.

- Ішкі таланттарды сақтау және жоғары кәсіби кадрларды тарту. Негізгі лауазымдардың жаңа редакциядағы тізбесі, таланттар пулы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы тарапынан бекітілді.

- Компаниядағы әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Компаниялар тобы бойынша жыл сайын жалақыны индекстеу жүргізіледі.

### **6.7. Әлеуметтік жауапкершілік**

- Жұмыскерлерге этикалық нормалар мен қағидаттарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлық фактілеріне мүлдем төзбеушілікті түсіндіруге

бағытталған оқыту. 32 оқыту тренингі/ақпараттық тарату өткізілді. Қоғамның Директорлар кеңесіне тоқсан сайын «Комплаенс» қызметінің есептері шеңберінде осы саладағы іске асырылған іс-шаралар туралы ақпарат беріледі.

#### ***6.8. Ішкі және сыртқы нарықтарда электр энергиясын өткізуді ұлғайту***

- 2022 жылы ЖЭК қуатын сату. 2022 жылы ЖЭК-ті нақты сату көлемі 414,57 млн.кВтсағ құрады.

- Қордың компаниялар тобының тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету. 2022 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қордың компаниялар тобының тұтынушыларына 6 165,1 млн. кВтсағ көлемінде электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді.

- Электр энергиясын қуатты көп қажет ететін өндірістерге жеткізуді қамтамасыз ету (ДҚБО, индустриялық аймақтар және т.б.). 2022 жылдың қорытындысы бойынша энергияны көп қажет ететін өндірістерді (Ақтоғай КБК және Бозцакөл КБК) электрмен қамтамасыз ету үшін 1 726 млн.кВтсағ көлемінде электр энергиясын жеткізу жүзеге асырылды.

#### ***6.9. Ішкі және сыртқы нарықтарда көмірдің сатылуын ұлғайту***

- Ресей Федерациясына байытылмаған көмір экспортын қамтамасыз ету. 2022 жылдың қорытындысы бойынша байытылмаған көмір экспорты 10 084 мың тонна деңгейінде қалыптасты.

#### ***6.10. Қолданыстағы қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру***

- 2025 жылға дейінгі кезеңде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын іске асыру. 2022 жылы 58 түрлі іс-шара орындалды, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі шаралардың іске асырылуы 2.2 млрд. теңгеге 486,8 мың т.ш.о. (тонна шартты отын) үнемдеуге мүмкіндік берді.

- «АЖК» АҚ желілеріндегі технологиялық шығындардың төмендеуі. Нақты шығындардың төмендеуінен үнемдеу 1 млрд 311 млн теңгені немесе (11,45%) 2020 жылғы шығындар деңгейінен (нақты 12,6%) құрады.

- АСКУЭ жүйесін енгізілді. Материалдар мен жабдықтар жеткізілді.

- SCADA жедел-диспетчерлік кешені енгізілді. Жобаның өзгеруіне байланысты жұмыстар жүргізілген жоқ (жоба бойынша жабдықты орнату көлемі мен орны өзгерді).

- Жабдықтың жөндеу циклін оңтайландыру. ҚР Әділет министрлігі бұйрықтың жобасын ҚР Энергетика министрлігі жанындағы Атом және энергетикалық қадағалау комитетіне пысықтауға қайтарды.

#### ***6.11. Инновациялық даму***

- «Северный» кесігінде көмірді құрғақ байытудың 1 кезеңдегі жылу шығару мүмкіндігі 4000 ккал/кг болатын 3 қабаттық тәжірибелік-өнеркәсіптік (пилоттық) қондырғысын енгізу. Жобаны қаржыландыруға арналған құжаттар пакеті (ЖСҚ,

ТЭН әзірлеу) «Русал ОК-мен келісуге ұсынылды. ЖСҚ әзірлеу 2023 жылға, ҚМЖ 2024 жылға жоспарланған.

#### **6.12. Цифрландыру**

- Деректерді талдау арқылы желілердегі коммерциялық шығындарды талдау. Жоба аяқталды, іске асырылған жоба туралы есепке қол қойылды.

#### **6.13. Бизнес-процестерді жетілдіру.**

- Электрондық мұрағат (ЭМ). Орындау мерзімі 2023 - 2024 жылдарға ауыстырылды.

- Күнделікті бизнес-процестерді роботтандыру. Жоба жүзеге асырылды.

#### **6.14. HSE озық тәжірибелері**

- Жазатайым оқиғаларды азайту үшін қауіпті әрекеттерді/ жағдайлар мен оқиғаларды тіркеу процесін автоматтандыру. Жоба іске асырылды, іске асырылған жоба туралы есеп Жобаның Басқарушы комитетінің отырысында бекітілді.

- Озық компаниялармен ынтымақтастық, меморандумдар жасасу. 2022 жылғы наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «АрселорМитталТеміртау» АҚ арасында ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

#### **6.15. Қаржылық тұрақтылықты арттыру**

- Қордың және/немесе ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес кредиторлардың қаржылық ковенанттарының жартыжылдық және жылдық негізде (форс-мажорлық мән-жайлар (карантин, блокаут) кезінде борышты және туындайтын пайыздық шығыстарды тартуды қоспағанда) белгілей отырып, нормативтік мәндерін сақтау. Қоғамның кредиторларының барлық қаржылық келісімдері сақталады.

#### **6.16. Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру.**

- Компания инвестициялық бағдарламаны тиімді орындауға және меншікті капитал табыстылығын талап етілетін деңгейде сақтауға ұмтылады. Қазіргі уақытта орта мерзімді келешекте іске асыру көзделіп отырған неғұрлым маңызды жобалар - «№3 энергия блогын салу арқылы Екібастұз ГРЭС-2 станциясын кеңейту және реконструкциялау», «Екібастұз ГРЭС-1 қуаттарын кеңейту және реконструкциялау (№1 блокты қалпына келтіру)», «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту», «Қуаттылығы 450 МВт дейінгі БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта жаңарту», «Қуаттылығы 200-250 МВт болатын БГҚ құрылысы негізінде ЖЭО-1 кеңейту», «Алматы және Алматы облыстарындағы кабельдік желілерді қайта жаңарту», «Кенсу өзенінің ағынын қайта көшіру», «Іле өзенінде Кербұлақ ГЭС контр реттегішін салу», «Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын ЖЭС салу», «Богатырь» (ЦАТ) кесігінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, біркелкілеудің және тиеудің

циклдық-ағындық технологиясына көшу жобасын іске асыру», «Қуаты 310 МВт болатын ЖЭС, ГЭС құрама станциясын салу».

«Шелек дәлізінде қуаттылығы 60 МВт-тық келешекте 300 МВт дейін кеңейтілетін ЖЭС салу» жобасы бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды – 2022 жылғы 21 шілде.

### **6.17. Корпоративтік басқару**

- GRI сәйкес жыл сайынғы орнықты даму есебін дайындау. 2021 жылғы интеграцияланған жылдық есепті Директорлар кеңесі 2022 жылғы 27 мамырда бекітті (№06/22 хаттама).

- Акционердің корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізуі және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі орта мерзімді жоспарларды әзірлеуі (Акционер белгілеген мерзімде). 2022 жылғы 1 тоқсанда Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2022-2023жж. арналған жоспар бекітілді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есеп Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

- ДК-нің ішкі бағалау құжатына сәйкес Директорлар кеңесін үнемі бағалау (өзін-өзі бағалау, тәуелсіз бағалау). 2022 жылғы ДК қызметінің өзін-өзі бағалауы 2023 жылдың бірінші тоқсанында жүргізіледі.

- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру арқылы имиджді арттыру (жыл сайын). Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру арқылы имиджді арттыру үшін барлық іс-шаралар өткізіледі.

- ESG рейтингін алу. ESG рейтингін 2023 жылдың екінші жартысында алу жоспарланып отыр.

## **7. Есеп саясатының қағидаттары**

Қоғамның 2022 жылғы жұмысы электр энергетикасы және көмір салалары бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы шоғырландырылған есепті жасау кезінде бірыңғай ұстанымды сақтау мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан басқа, қолданыстағы есепке алу саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалау есепке алынбай жүргізіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шоғырландырылған теңгерімде үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары алынып тасталды, осы компаниялардағы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның иелену үлесі 50%-ды құрайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайданың үлесі «ұйымдардың үлестік қатысу және инвестициялардың құнсыздануы әдісі бойынша ескерілетін пайдасының/залалының үлесі» бабында көрсетіледі.

## 8. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер


| №<br>рс  | Көрсеткіш, млн теңге                                                                              | 2020<br>(нақты)  | 2021<br>(нақты)  | 2022<br>(нақты)  | 2023<br>(болжам) | 2024<br>(болжам) |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|
| <b>1</b> | <b>Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс</b>                                         | <b>283 010</b>   | <b>332 537</b>   | <b>381 465</b>   | <b>429 842</b>   | <b>507 436</b>   |
| 1.1.     | Электр энергиясын өндіру                                                                          | 207 917          | 253 593          | 286 873          | 309 493          | 372 388          |
| 1.2.     | Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуы                                    | 106 911          | 125 685          | 137 578          | 168 405          | 194 924          |
| 1.3.     | Жылу энергиясын өндіру                                                                            | 19 202           | 18 703           | 19 762           | 21 430           | 23 124           |
| 1.4.     | Электр энергиясын жеткізу және тарату                                                             | 40 685           | 46 428           | 53 654           | 60 552           | 69 029           |
| 1.5.     | Химиялық тазартылған суды сату                                                                    | 1 626            | 1 781            | 1 852            | 1 795            | 1 798            |
| 1.6.     | Жалға алулар                                                                                      | 4 041            | 3 930            | 4 188            | 7 847            | 11 501           |
| 1.7.     | Өзге                                                                                              | 3 181            | 3 702            | 5 574            | 6 435            | 6 724            |
| <b>2</b> | <b>Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны</b>                                    | <b>(225 185)</b> | <b>(254 847)</b> | <b>(288 929)</b> | <b>(345 454)</b> | <b>(384 733)</b> |
| 2.1.     | Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны                                                          | (156 182)        | (183 478)        | (202 949)        | (242 575)        | (276 063)        |
| 2.2.     | Энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясын сатуының өзіндік құны                    | (111 195)        | (128 428)        | (140 490)        | (167 310)        | (193 239)        |
| 2.3.     | Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны                                                            | (18 804)         | (19 306)         | (22 168)         | (22 473)         | (24 769)         |
| 2.4.     | Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны                                                         | (54 365)         | (39 358)         | (47 040)         | (54 609)         | (57 910)         |
| 2.5.     | Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны                                                    | (1 679)          | (1 848)          | (2 001)          | (1 801)          | (1 880)          |
| 2.6.     | Негізгі қызметтің басқа түрлерінің өзіндік құны                                                   | (946)            | (767)            | (1 140)          | (1 436)          | (1 501)          |
|          | <i>Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы</i>                            | (57 331)         | (55 168)         | (59 764)         | (65 132)         | (77 127)         |
| <b>3</b> | <b>Жалпы пайда</b>                                                                                | <b>57 826</b>    | <b>77 690</b>    | <b>92 536</b>    | <b>84 387</b>    | <b>122 703</b>   |
| 4        | Қаржыландырудан түскен кірістер                                                                   | 2 916            | 2 616            | 2 747            | 2 168            | 2 216            |
| 5        | Өзге кірістер <sup>(1) (2)</sup>                                                                  | 4 637            | 7 278            | 7 812            | 1 116            | 496              |
| 6        | Өнімді сату мен қызмет көрсетуден шеккен шығыстар                                                 | (10 202)         | (9 029)          | (9 110)          | (9 047)          | (9 787)          |
| 7        | Жалпы және әкімшілік шығыстар                                                                     | (15 826)         | (14 793)         | (18 852)         | (17 839)         | (15 922)         |
| <b>8</b> | <b>Операциялық пайда</b>                                                                          | <b>31 798</b>    | <b>53 868</b>    | <b>64 574</b>    | <b>57 501</b>    | <b>96 994</b>    |
| <b>9</b> | <b>Амортизация, пайыздар және ҚНҚ бойынша аударымдарға дейінгі пайда (EBITDA)</b>                 | <b>99 728</b>    | <b>123 447</b>   | <b>141 382</b>   | <b>135 925</b>   | <b>202 303</b>   |
| 10       | Қаржыландыруға жұмсалған шығыстар                                                                 | (31 025)         | (30 139)         | (29 748)         | (27 208)         | (34 948)         |
| 11       | Негізгі емес қызметке жұмсалған өзге шығыстар <sup>(3) (4) (5)</sup>                              | (4 061)          | (23 354)         | (14 337)         | (102)            | (118)            |
| 12       | Ұйымның үлестік қатысу және инвестицияның құнсыздану әдісі есептелетін пайдасының/залалының үлесі | 9 474            | 13 455           | 16 103           | 12 324           | 27 437           |
| 13       | Токтатылған қызметтен түскен пайда (залал)                                                        | 0                | 0                | (736)            | 0                | 0                |
|          | Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен табыс (залал)                                                   | 0                | 0                | 0                | 0                | 0                |



| №<br>рс | Көрсеткіш, млн теңге                                           | 2020<br>(нақты) | 2021<br>(нақты) | 2022<br>(нақты) | 2023<br>(болжам) | 2024<br>(болжам) |
|---------|----------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| 14      | Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)                         | 13 739          | 23 723          | 46 417          | 45 799           | 92 076           |
| 15      | Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар                    | (5 655)         | (8 377)         | (16 111)        | (12 159)         | (17 129)         |
| 16      | Азшылықтың үлесі алып тасталғанға дейінгі барлық пайда (залал) | 8 083           | 15 347          | 30 306          | 33 640           | 74 946           |
| 17      | Азшылықтың үлесі                                               | 76              | 300             | 175             | 232              | 345              |
| 18      | Топ Акционерлеріне тиесілі барлық пайда                        | 8 008           | 15 046          | 30 132          | 33 408           | 74 602           |

- (1) 2020 жылғы бағамдық айырмадан түсетін кірістер «өзге кірістер» бөлімінде көрсетілген, қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруден түскен кірістер «Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру» бабында көрсетілген
- (2) 2020 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «қаржылық кірістер» бөлімінде көрсетілді
- (3) 2021 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «өзге кірістер» бөлімінде көрсетілді.
- (4) 2020 ж. бағам айырмасынан түскен кіріс ҚЕ-де «қаржылық кірістер» бөлімінде көрсетілді
- (5) ФО-да құнсызданудан болған залал "қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалдар" деген бапта көрсетілген.
- Ескертпе: Кірістер мен өзіндік құнның талдамасы қызмет түрлері бөлінісінде келтірілген (сегменттер бойынша емес) және элиминациялау есепке алынбай көрсетілген.

**«Самұрық-Энерго» Компаниялар тобы бойынша Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірістер 2022 жылы 381 465 млн теңгені құрады:**



Шоғырландырылған кірістің өсуі тарифтер мен электр энергиясын сату көлемінің өсуі есебінен электр энергиясын өндіру сегменті бойынша болды. Негізгі өсім «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша ішкі нарықта электр энергиясын өткізу көлемінің 5 %-ға артуы есебінен ішкі нарықта электр энергиясына сұраныстың ұлғаюына, сондай-ақ босату тарифінің өсуіне байланысты байқалады соның ішінде өтпелі үстемеақыны ұлғайту есебінен).

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің ұлғаюы электр энергиясын беру көлемінің 504 млн.кВтсағ (7%) өсуіне және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын беру тарифінің 6,07 теңге/кВтсағаттан 6,58 теңге/кВтсағатқа дейін өсуіне байланысты.



Сату (өткізу) сегменті бойынша түсімнің өсуі электр энергиясын сату көлемінің 123 млн.кВтсағ (2%) өсуіне және «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын өткізу тарифінің 18,69 теңге/кВтсағаттан 20,09 теңге/кВтсағатқа дейін ұлғаюына байланысты болып отыр.

### Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2022 жылғы кірістің құрылымы



Алдағы кезеңге арналған болжам: 2023 жылға арналған болжамда сатудан түсетін кіріс 429 842 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2022 жылғы фактіден 48 377 млн. теңгеге немесе 13% - ға жоғары. Ұлғаю электр энергиясын өндіруге және жеткізуге арналған тарифтердің өсуіне негізделіп отыр.

2024 жылға арналған болжамда электр энергиясын өндіру бойынша тарифтердің өсуі есебінен («Екібастұз МАЭС-1» ЖШС шекті тарифіне пайда нормасын енгізу, жобаны іске асыру үшін тартылған негізгі борышты төлеудің басталуына байланысты №1 блок бойынша жеке тарифтің қолданылуының басталуы) 2023 жылғы болжамға кірістің ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ, орталықтандырылған сауда-саттықта қуат тарифінің өсуі, тиісінше электр энергиясын өткізу тарифінің өсуі, электр энергиясын өткізу, беру және өткізу көлемдерінің өсуі, қуат көлемі, сондай-ақ электр энергиясын беру тарифтерінің өсуі есебінен ұлғаяды.

**Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс**

| Көрсеткіш, млн теңге                               | 2020<br>(нақты) | 2021<br>(нақты) | 2022<br>(нақты) | 2023<br>(болжам) | 2024<br>(болжам) |
|----------------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс | 283 010         | 332 537         | 381 465         | 429 842          | 507 436          |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                             | 123 478         | 166 366         | 189 266         | 197 180          | 245 621          |
| «Алматыэнергосбыт» ЖШС                             | 106 911         | 125 685         | 137 578         | 168 405          | 194 924          |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ                     | 74 481          | 78 654          | 86 220          | 97 717           | 110 022          |
| «Алатау Жарык Компаниясы» АҚ                       | 40 819          | 46 594          | 53 842          | 60 769           | 69 249           |

|                                            |                 |                 |                 |                 |                 |
|--------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| «Мойнақ ГЭС» АҚ                            | 20 520          | 19 003          | 22 804          | 22 474          | 23 333          |
| «Шардара СЭС» АҚ                           | 6 761           | 7 183           | 8 680           | 8 038           | 9 655           |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС         | 5 031           | 4 881           | 4 987           | 6 935           | 7 785           |
| «Бұқтырма ГЭС» АҚ                          | 4 040           | 3 927           | 4 181           | 7 842           | 11 500          |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС                |                 |                 | -               | 4 345           | 5 045           |
| «Energy Solution center» ЖШС               | 1 287           | 1 128           | 1 515           | 1 736           | 1 817           |
| « Samruk-Green Energy» ЖШС                 | 236             | 399             | 409             | 516             | 538             |
| <b>Топ ішілік айналымдар (алып тастау)</b> | <b>-100 554</b> | <b>-121 285</b> | <b>-128 016</b> | <b>-146 115</b> | <b>-172 052</b> |

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстардың негізгі үлесі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға тиесілі. Сонымен қатар, кірістерді шоғырландыру кезінде жалпы сомадан негізінен энергия өндіруші және таратушы компаниялар бойынша топішілік айналымдар алып тасталады.

### Өнім мен қызмет көрсетудің өзіндік құны

| Көрсеткіш, млн теңге                               | 2020<br>(нақты) | 2021<br>(нақты) | 2022<br>(нақты) | 2023<br>(болжам) | 2024<br>(болжам) |
|----------------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| Отын                                               | 59 109          | 60 320          | 68 247          | 82 892           | 89 251           |
| Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар    | 29 394          | 34 120          | 45 643          | 48 650           | 50 901           |
| Сатып алынған электр энергиясының құны             | 22 865          | 42 426          | 50 991          | 65 145           | 77 714           |
| Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер | 10 094          | 8 718           | 8 819           | 12 435           | 15 069           |
| Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы   | 57 331          | 55 168          | 59 764          | 65 132           | 77 127           |
| Жөндеу және ұстау                                  | 8 520           | 9 901           | 9 950           | 14 326           | 15 852           |
| Электр энергиясын жеткізу қызметтері               | 11 494          | 13 239          | 16 847          | 14 180           | 13 873           |
| Материалдар                                        | 1 713           | 1 930           | 2 181           | 3 592            | 3 802            |
| Сумен қамтамасыз ету                               | 4 847           | 6 329           | 7 106           | 6 960            | 7 679            |
| Желілердегі шығын                                  | 2               | 2               | 2               | 7                | 8                |
| Табыс салығынан басқа салықтар                     | 4 704           | 4 923           | 4 642           | 7 525            | 8 258            |
| Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем                 | 4 616           | 7 802           | 7 664           | 10 518           | 10 961           |
| Сыртқы ұйымдардың қызметі                          | 6 003           | 5 649           | 3 385           | 9 531            | 9 499            |
| Басқа                                              | 4 492           | 4 320           | 3 688           | 4 561            | 4 739            |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                     | <b>225 185</b>  | <b>254 847</b>  | <b>288 929</b>  | <b>345 454</b>   | <b>384 733</b>   |

2022 жылдың қорытындысы бойынша **өзіндік құн** 288 929 млн.теңгені құрады, бұл 2021 жылғы фактіден 13%-ға жоғары. Шығыстардың ұлғаюы негізінен көмір шығындарының (электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюы есебінен) және ЕАҚО ЖЭК ЖШС-дан сатып алынатын электр энергиясы шығындарының (сатып алу көлемінің өсуі) өсуімен байланысты. Сондай-ақ тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне байланысты шығыстардың ұлғаюы байқалады.

2022 жылы **амортизация** 59 764 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 596 млн.теңгеге немесе 8% - ға ұлғайды. АлЭС

бойынша негізгі ұлғаю 2027 жылы ЖЭО-2 және 2025 жылы ЖЭО-3 газға көшу себебінен қолданыстағы жабдықты (қазандық агрегаттары, турбоагрегаттар, күл үйінділері) пайдалану мерзімдерін қайта қарауға байланысты болды.

### Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы



Алдағы кезеңге болжам: 2023 және 2024 жылдарға арналған болжамда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне, сондай-ақ өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты өзіндік құн артады.

### Сатуға арналған шығын, млн. тенге

2022 жылдың қорытындысы бойынша сату шығыстары 2021 жылмен салыстырғанда 81 млн.тенгеге (1% - ға) азайды және 9 110 млн. теңгені құрады. Бұл ауытқу 2022 жылы «KEGOC» АҚ қызметтеріне бағалардың артуы есебінен туындады.



Алдағы кезеңге болжам: 2023 жылға арналған болжамда **өнімді өткізуге арналған шығыстар** 9 047 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2022 жылғы фактіден 63 млн. теңгеге немесе 1% - ға төмен. Төмендеу экспорт көлемін алып тастауға байланысты. 2024 жылғы болжамда сату шығындарының ұлғаюы шиналардан электр энергиясын босату көлемінің ұлғаюымен байланысты.

### **Әкімшілік шығыстар, млн. теңге**


2022ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығындар 18 852 млн. теңгені құрады, бұл 2021 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 4 059 млн. теңгеге немесе 27%-ға артық. Шығыстардың негізгі ұлғаюы «ЕМАЭС-1» ЖШС бойынша ОРУ – 500 кВ бойынша салық преференцияларының күшін жоюға байланысты КТС бойынша айыппұлды, пайыздық шығыстар бойынша шегерімдермен және КТС есептеумен, сондай-ақ 23.09.2022 ж. мемлекеттік аудит ұйғарымына сәйкес КТС бойынша айыппұлды есептеуге байланысты болды.



Алдағы кезеңге болжам: 2023 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар 2022 жылғы деңгейден төмен және 17 839 млн.теңгені құрайды. 2024 жылға арналған болжамда Qazaq Green Power компаниясының IPO-ға шығарылуын сүйемелдеу бойынша шығыстар 2023 жылы жоспарланғандықтан әкімшілік шығыстардың төмендеуі.

### **Қаржылық шығыстар, млн. теңге**


2022 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 29 748 млн. теңгені құрады, бұл 2021 жылғы нақты мәннен 391 млн.теңгеге төмен. Негізгі төмендеу негізінен АДБ-ның КО-дағы екі траншын мерзімінен бұрын өтеуге, сондай-ақ ЕҚДБ алдындағы қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеумен байланысты болып отыр.



Болашақ кезеңге арналған болжам: 2022 жылға арналған болжамда қаржыландыруға арналған шығыстар 27 208 млн.теңгені құрайды. АДБ-дан тартылған қарызды мерзімінен бұрын өтеуге, сондай-ақ «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС бойынша шығыстардың төмендеуімен байланысты азайту негізінен КО бойынша жоспарланған. 2024 жылғы болжамда 2023 жылмен салыстырғанда «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-нің ағымдағы шығыстардағы №1 блок жобасы бойынша пайыздық шығыстары оның пайдалануға берілуіне байланысты ұлғайтылды.

**Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестициялардың құнсыздануы**

| Көрсеткіш, млн теңге                                              | 2020<br>(нақты) | 2021<br>(нақты) | 2022<br>(нақты) | 2023<br>(болжам) | 2024<br>(болжам) |
|-------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес | 9 474           | 13 455          | 16 103          | 12 324           | 27 437           |



2022 жылғы үлестік пайда 16 103 млн.теңгені құрады, ұқсас кезеңге қарағанда 2 648 млн.теңгеге немесе 20% - ға өсті.

Негізгі өзгерістер төмендегі активтер бойынша болды:

**Forum Muider (50%)** – Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда FM бойынша пайданың ұлғаюы 3 029 млн. теңгені құрады, негізінен бағамдық айырма бойынша пайданың 1 260,2 млн. теңге сомасына өсуі және әкімшілік шығыстардың қысқаруына байланысты, сондай-ақ кірме жолдардың қызметтері бойынша тарифтің төмендеуі себебінен өнімді өткізуге арналған шығыстар бойынша операциялық пайданың 1 027,0 млн. теңге сомасына ұлғаюы есебінен (2021 жылы Арман Қала ЖШС бойынша әкімшілік шығыстардың қысқаруына байланысты 1 369,6 млн. теңге мөлшеріндегі талап-арыз танылды) болды.

Үлестік компаниялар пайдасының өсуі 2024 жылғы болжамда 2023 жылмен салыстырғанда негізінен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның қаржылық шығыстардың капиталдандырылуына және оны іске асырудың қайта басталуына, сондай-ақ электр энергиясы мен қуатын өндіруге арналған тарифтің өсуіне байланысты №3 блок жобасы бойынша басқа да шығыстарға байланысты пайданың ұлғаюы есебінен жоспарлануда.

## 9. Құрылған және бөлінген экономикалық құн

Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігі құрылған және бөлінген экономикалық құн кестесінде көрсетілген.

Құрылған экономикалық құн Қоғамның кірісін қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, жеткізуден және сатудан, сондай-ақ көмір сатудан түскен кіріс пен алынған сыйақыны көрсетеді.

Құрылған құн жеткізушілер мен мердігерлер, Қоғам қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтар арасында бөлінеді.

| Бөлінген экономикалық құн                            |                                                                                                                                                                    |
|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жеткізушілерге және мердігерлерге төленетін төлемдер | Операциялық шығындар - контрагенттерге материалдарды, өнім компоненттерін, жабдықтар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т. б. төлеу бойынша ақшалай төлемдер. |

|                                                     |                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қызметкерлерге төленетін төлемдер                   | Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызметтер көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да түрлері                                |
| Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер         | Акционерлердің барлық санаттарына дивидендтер және кредиторларға төленетін пайыздар                                                                                                                                                  |
| Мемлекетке төленетін төлемдер                       | Салық аударымдары                                                                                                                                                                                                                    |
| Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар | Қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне қайырмалдықтар, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға арналған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру іс-шараларын тікелей қаржыландыру |

2022 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құн 520 млрд.теңгені құрады және бөлінген экономикалық құн 407 млрд. теңгені құрады, нәтижесінде бөлінбеген экономикалық құн 113 млрд. теңгені құрады. Бекітілген 2023-2027 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес 2023 және 2024 жылдары құрылған және бөлінген экономикалық құнды ұлғайту жоспарлануда.

| Көрсеткіш*                                  | 2020           | 2021           | 2022           | 2023           | 2024           |
|---------------------------------------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|
|                                             | Нақты          | Нақты          | Нақты          | Болжам         | Болжам         |
| <b>Құрылған экономикалық құн</b>            | <b>382 199</b> | <b>465 806</b> | <b>520 350</b> | <b>594 777</b> | <b>684 955</b> |
| Сатудан түскен түсім                        | 380 990        | 463 690        | 517 254        | 591 385        | 683 767        |
| Алынған сыйақылар (пайыздар)                | 1 209          | 2 116          | 3 096          | 3 391          | 1 188          |
| <b>Бөлінген экономикалық құн</b>            | <b>312 894</b> | <b>363 943</b> | <b>407 694</b> | <b>474 684</b> | <b>568 914</b> |
| Операциялық шығындар                        | 194 386        | 228 733        | 246 973        | 311 972        | 379 770        |
| Жалақы және әлеуметтік аударымдар           | 43 700         | 50 327         | 63 625         | 66 683         | 70 584         |
| Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер | 32 571         | 32 702         | 30 453         | 27 755         | 38 437         |
| Мемлекетке төленетін төлемдер               | 42 152         | 52 149         | 66 518         | 68 019         | 79 867         |
| <b>Бөлінбеген экономикалық құн</b>          | <b>69 305</b>  | <b>101 862</b> | <b>112 656</b> | <b>120 093</b> | <b>116 040</b> |

млн. теңге

\* - Бұрын көрсеткіштер есептеу әдісі бойынша есептелді. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны алып тастау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп деректеріне есептелді. Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынды.

## 10. Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу

### Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

| ЕБҰ атауы                                                              | 2020<br>нақты | 2021<br>нақты | 2022<br>нақты | 2023<br>болжам | 2024<br>болжам |
|------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|----------------|----------------|
| <b>«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС</b>                                          | <b>6,44</b>   | <b>7,31</b>   | <b>8,06</b>   | <b>8,68</b>    | <b>10,35</b>   |
| электр энергиясына есептелген тариф, теңге<br>кВтс.                    | 5,86          | 6,82          | 7,44          | 8,02           | 9,54           |
| ҚР тарифі                                                              | 5,65          | 6,76          | 7,44          | 8,02           | 9,54           |
| экспортқа арналған тариф, теңге/кВтс.                                  | 10,22         | 10,31         | -             | -              | -              |
| эл. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                      | 590           | 590           | 590           | 590            | 900            |
| о.і. қуатқа арналған жеке тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                |               |               |               |                | <b>1 199</b>   |
| <b>«Екібастұз МАЭС-2» АҚ</b>                                           | <b>9,64</b>   | <b>10,38</b>  | <b>11,39</b>  | <b>11,78</b>   | <b>13,81</b>   |
| экспортқа арналған тариф, теңге/кВтс.                                  |               | 11,65         | 13,76         |                |                |
| о.і. эл. энергиясына арналған тариф,<br>теңге/кВтс.                    | 8,55          | 9,74          | 10,17         | 10,74          | 12,24          |
| о.і. эл. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                 | 590           | 590           | 590           | 590            | 900            |
| <b>"АлЭС" АҚ</b>                                                       | <b>11,41</b>  | <b>13,12</b>  | <b>14,05</b>  | <b>16,44</b>   | <b>18,51</b>   |
| о.і. эл. энергиясына арналған тариф,<br>теңге/кВтс.                    | 9,45          | 11,16         | 12,27         | 14,64          | 16,23          |
| о.і. қуатқа арналған орташа мөлшерленген<br>тариф, мың теңге/МВт*айына | 875           | 899           | 796           | 799            | 1 029          |
| о.і. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                     | 590           | 590           | 590           | 590            | 900            |
| о.і. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                     | 4 169         | 4 169         | 3 139         | 3 139          | 2 479          |
| <b>"Мойнак ГЭС" АҚ</b>                                                 | <b>21,33</b>  | <b>23,74</b>  | <b>21,69</b>  | <b>22,93</b>   | <b>23,55</b>   |
| о.і. эл. энергиясына арналған тариф,<br>теңге/кВтс.                    | 12,02         | 12,26         | 12,92         | 13,24          | 13,96          |
| о.і. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                     | 2 564         | 2 564         | 2 564         | 2 564          | 2 564          |
| <b>«Шардара ГЭС» АҚ</b>                                                | <b>12,95</b>  | <b>15,32</b>  | <b>16,03</b>  | <b>17,73</b>   | <b>17,09</b>   |
| о.і. эл. энергиясына арналған тариф,<br>теңге/кВтс.                    | 8,49          | 9,27          | 10,79         | 11,47          | 12,07          |
| о.і. қуатқа арналған тариф, мың<br>теңге/МВт*айына                     | 4 069         | 3 868         | 3 868         | 3 868          | 3 868          |
| <b>"Samruk-Green Energy" ЖШС, теңге/кВтс.</b>                          | <b>32,73</b>  | <b>19,74</b>  | <b>20,94</b>  | <b>25,90</b>   | <b>27,08</b>   |
| эл. энергиясының тарифі, 2 МВт                                         | 50,39         | 53,91         | 58,70         | 63,98          | 67,18          |
| эл. энергиясының тарифі, 0,5 МВт                                       | 70,00         | 70,74         | 71,51         | 72,29          | 73,05          |
| эл. энергиясының тарифі, 1 МВт                                         | -             | 10,96         | 11,80         | 17,20          | 18,06          |
| эл. энергиясының тарифі, 5 МВт                                         | 9,49          | 10,96         | 11,80         | 17,20          | 18,06          |
| <b>«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС,<br/>теңге кВтс</b>              | <b>31,62</b>  | <b>33,83</b>  | <b>36,84</b>  | <b>42,73</b>   | <b>42,51</b>   |
| <b>«Ereymentau Wind Power» ЖШС</b>                                     | -             | -             | -             | <b>22,68</b>   | <b>23,70</b>   |
| <b>"Энергия Семиречья" ЖШС- үлесі 25%</b>                              | -             | -             | <b>22,68</b>  | <b>24,17</b>   | <b>26,23</b>   |



2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР-да электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады. Қуат нарығының іске қосылуымен станциялар үшін 2020 жылы электр энергиясына орташа өлшенген тарифтер 2020 жылғы 1 шілдеден бастап түзетілген шекті тарифтер мен қуатқа жеке тарифтердің енгізілуін ескере отырып өсті.

ҚР Энергетика министрлігінің станциялар үшін тапшы тарифтерді бекітуіне байланысты, нормативтік актілерге сәйкес, ЭБҰ электр энергиясына шекті тарифтерді түзетуге ҚР ЭМ-ге өтінімдер ұсынылды. Нәтижесінде 2020 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР ЭМ электр энергиясына шекті тарифтер бекітілді, олар 2021 жылғы 31 наурызға дейін қолданыста болды.

Пайда нормасын айқындау әдістемесін бекітуді ескере отырып (Энергетика министрінің 11.03.2021 ж. №76 бұйрығына сәйкес өзгерістермен 22.05.2020 ж. №205 бұйрығы) – ЭӨҰ шекті тарифтеріне 2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Энергетика министрінің 30.03.2021 ж. бұйрығына сәйкес пайда нормасы енгізілді.

«ЖЭК-ті пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңына сәйкес, 01.07.2021 ж. бастап ЭӨҰ электр энергиясының босату тарифінде ҚР ЖЭК қолдауға жұмсалған шығындар және шартты тұтынушылар болып табылатын ЭӨҰ электр энергиясын босату көлемдері негізінде «ЖЭК қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС есептеген ЖЭК пайдалануды қолдауға 1,57 теңге/кВтс деңгейінде үстемеақы ескеріледі. ЖЭК толассыз үстемесін енгізуді ескере отырып, ҚР Энергетика министрінің 24.06.2021 ж. №211 бұйрығымен ЭӨҰ электр энергиясына жаңа шекті тарифтер бекітілді. 2022 жылы өтпелі үстемеақы 1,58 теңге/кВтсқа құрады

Осылайша, 2022 жыл ішінде ЭӨҰ үшін электр энергиясына келесі шекті тарифтер қолданылды:

| ЭӨҰ атауы    | Бекітілген тариф<br>01.01.2022-<br>30.06.2022 | ЭМ тарифтері<br>01.07.2022 бастап<br>үстемесіз бекітілді | ЖЭК үстемесі | ЖЭК үстемесін есепке алғандағы тарифтер. | теңге/кВтс                                |
|--------------|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------|--------------|------------------------------------------|-------------------------------------------|
|              |                                               |                                                          |              |                                          | 01.01.2021 ж. бастап бекітілген өсімнің % |
| «ГРЭС-1» ЖШС | 5,90                                          | 5,90                                                     | 1,58         | 7,48                                     | -                                         |
| «ГРЭС-2» АҚ  | 8,59                                          | 8,59                                                     | 1,58         | 10,17                                    | -                                         |
| «АлЭС» АҚ    | 10,23                                         | 11,19                                                    | 1,58         | 12,77                                    | 9,4%                                      |
| «МГЭС» АҚ    | 10,90                                         | 11,71                                                    | 1,58         | 13,29                                    | 7,4%                                      |
| «ШарСЭС» АҚ  | 8,77                                          | 9,82                                                     | 1,58         | 11,40                                    | 12,0%                                     |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған Іс-қимыл Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы шеңберінде инфляцияға қарсы күрес шеңберінде электр энергиясын өндіруге арналған энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерінің деңгейлерін 2021 жылғы деңгейде 180 күн мерзімге сақтау жөніндегі ұсыныс қаралды. Нәтижесінде шекті тарифтердің өсуі 01.07.2022 ж. дейін кейінге қалдырылды.

Тарифті ұлғайтуға берілген өтінімдер негізінде ҚР ЭМ 30.06.2022 ж. №226 Бұйрығымен «ШарГЭС» АҚ үшін 12%, «АлЭС» АҚ және «МГЭС» АҚ үшін тиісінше 9,4% және 7,4% шекті тарифтерді бекітті.

2020 жылдан бастап ҚР Энергетика министрлігі тарапынан ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын станциялар – «МГЭС» АҚ, «ШарГЭС» АҚ, «АлЭС» АҚ және «МАЭС-1» ЖШС үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізілуде.

28.02.2021 ж. «МАЭС-1» ЖШС №1 энергия блогын қалпына келтіру жобасы бойынша жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңартуға ҚР ЭМ-мен 2025-2031 жылдар кезеңінде 476,6 МВт қызмет көлеміне есептегенде 1 199 мың теңге /МВт\*ай мөлшерінде тариф белгілей отырып, инвестициялық келісім жасасты.

Жасалған инвестициялық келісімдердің параметрлері төменде келтірілген.  
мың теңге /МВт\*айына.

| ЭӨҰ атауы                      | Көлемі   | Жеке тариф | Кезең         |
|--------------------------------|----------|------------|---------------|
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 69,5 МВт | 4 168,60   | 2020-2024 жж. |
| «МГЭС» АҚ                      | 298 МВт  | 2 563,67   | 2020-2026 жж. |
| «ШарГЭС» АҚ                    | 61 МВт   | 4 069,3    | 2020-2028 жж. |
| «ГРЭС-1» ЖШС                   | 476,6    | 1 199      | 2025-2031 жж. |
| «ЕМАЭС-2» АҚ                   | 576 МВт  | 5 372      | 2027-2036жж.  |

26.01.2021 ж. «ЕМАЭС-2» АҚ Нарық кеңесіне (ҚЭК) «№3 энергия блогын орната отырып, ЕМАЭС-2-ні кеңейту және қайта жаңарту» жобасын іске асыру бойынша жеке тарифті бекітуге өтінім берді. Нарық кеңесінен 29.03.2021ж. оң ұсыным алынғаннан кейін, өтінім ҚР ЭМ қарауына берілді.

2021 жылы ҚР ЭМ шешімі қабылданбағандықтан, 2022 жылғы 27 қаңтарда «ЕМАЭС-2» АҚ «№3 энергия блогын орната отырып, ЕМАЭС-2 кеңейту және реконструкциялау» жобасын іске асыру бойынша қуаттылыққа жеке тариф алуға ҚР нарық кеңесіне қайта өтінім берді.

2022 жылғы 30 наурызда ҚР Нарық кеңесі Төралқасының отырысы өтті, онда уәкілетті органға (ҚР ЭМ) «№3 ст.энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және реконструкциялау» инвестициялық бағдарламасын ұсыну және қарауға жіберу туралы шешім қабылданды. Осы өтінім бойынша шешім қабылданбады, ҚР ЭМ 2022 жылы инвестициялық келісімдер жасасуды жоспарлаған ЭПО тізімі жарияланбады.

2023 жылдан бастап және әрі қарай электр энергиясы мен қуатқа арналған тарифтер индекстеуді ескере отырып болжанады.

### Жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтер

теңге/Гкал.

| Атауы          | 2020ж.<br>нақты | 2021ж.<br>нақты | 2022ж.<br>нақты | 2023ж.<br>болжам | 2024ж.<br>болжам |
|----------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| «Алматы электр | 3 441           | 3 392           | 3 782           | 4 031            | 4 350            |

|                                    |     |     |     |     |     |
|------------------------------------|-----|-----|-----|-----|-----|
| станциялары» АҚ                    |     |     |     |     |     |
| «Екібастұз МАЭС-2<br>станциясы» АҚ | 697 | 772 | 812 | 873 | 906 |
| «Екібастұз МАЭС-1»<br>ЖШС          | 367 | 233 | 221 | 233 | 233 |

Табиғи монополия субъектісі үшін заңнама жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін, оларға инвестициялық құрамдас бөлікті қосумен және шығындарды жыл сайын индекстеумен бекітуді көздейді. Шекті тарифтерді Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті бекітеді. Алайда, тарифтерді ұлғайту жылына бір реттен жиі жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станция шығындарының өсуі жағдайында тарифтерді ұлғайтусыз сақтау тәуекелі бар.

«АлЭС» АҚ үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – ТМРКД) Алматы қаласы бойынша және Алматы облысы бойынша департаменттерінің 29.11.2021 ж. №267-НҚ Бірлескен бұйрығымен 01.01.2022 ж. бастап қолданысқа енгізе отырып, 2022-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер бекітілді. 2022 жылы қолданыстағы тарифке өсім 8,6% - ды құрады. Стратегиялық тауар құнының – жылу энергетикалық компаниялар үшін тауар түріндегі газды сатудың бөлшек сауда бағасының өзгеруіне байланысты, ҚР ҰЭМ ТДРМ Алматы қаласы бойынша 2022 жылғы 26 тамыздағы № 97-НҚ және Алматы облысы бойынша 2022 жылғы 27 тамыздағы № 92-НҚ Бірлескен бұйрығымен 2022-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіле отырып, тарифтер бекітілді, 01.01.2022 жылғы тарифке өсім 6,8% - құрады.

#### **Электр энергиясын жеткізу қызметіне арналған тарифтер**

| Атауы                        | теңге/кВтс      |                 |                 |                  |                  |
|------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
|                              | 2020ж.<br>нақты | 2021ж.<br>нақты | 2022ж.<br>нақты | 2023ж.<br>болжам | 2024ж.<br>болжам |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 5,95            | 6,07            | 6,58            | 7,33             | 8,27             |

Табиғи монополия субъектісі болып табылатын «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ үшін ТМРХК 17.05.2021 ж. бұйрығымен 2021-2025ж. кезеңіне шекті тариф бекітілді, тариф 2021 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді. 2022 жылға бекітілген тариф қолданыстағы тарифтің 7% өсуі негізінде 6,52 теңге/кВтсағ.кұрайды.

«АлЭС» АҚ («АЖК» АҚ үшін стратегиялық тауар - электр энергиясы) тарифтерінің өзгеруіне байланысты «АЖК» АҚ 15.07.2022 ж. № 14-4304 хатымен 2022-2026 жылдарға арналған электр энергиясын беру тарифін өзгертуге өтінім

жолдады. Өтінімді қарау қорытындысы бойынша Алматы қ. ТМРАДК-ның 18.08.2022ж. № 89-НҚ бұйрығы шықты, бұл құжатта 2022-2026 ж.ж. тарифтері мен тарифтік сметасының шекті деңгейлері 01.09.2022ж. бастап қолданысқа енгізілді. Бекітілген тариф 01.09.2022 ж. бастап 6,69 теңге/кВтсағ құрайды, 2022 жылдың басындағы тарифтің өсімі 2,6% құрады.

### **ЭҚҰ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтері**

| Атауы                  | теңге/кВтс      |                 |                 |                  |                  |
|------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
|                        | 2020ж.<br>нақты | 2021ж.<br>нақты | 2022ж.<br>нақты | 2023ж.<br>болжам | 2024ж.<br>болжам |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | 17,66           | 18,69           | 20,09           | 23,77            | 26,71            |

Энергиямен жабдықтаушы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі болып табылады және уәкілетті органның реттеуіне жатады. Тариф есебіне операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттер енгізілген. Өңірлердегі халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында реттеушінің тарифтердің өсуін жасанды тежеу тәуекелдері бар. Жеке тұлғалар үшін тұтыну нормалары бойынша саралау сақталды, заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізу орташа өткізу тарифтері бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі тапсырмаларына және 2022 жылғы 1 шілдеге дейін 180 күн мерзімге халық үшін коммуналдық тарифтерді көтеруге мораторий енгізуге байланысты 2022 жылға арналған тарифті ұлғайтуға өтінім беру 2022 жылғы 1 шілдеге дейін кейінге қалдырылды.

26.08.2022ж. ТМРКД 01.09.2022 ж. бастап 21,16 теңге/кВтсағ дейін немесе 01.07.2021ж. бастап энергия көздері тарифтерінің ұлғаюын ескере отырып, қолданыстағы деңгейге 7,2%-ға бағаны көтеру туралы дәлелді қорытынды жіберді.

### **Көмірді сату бағасы**

| Атауы                | теңге/тонна     |                 |                 |                  |                  |
|----------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
|                      | 2020ж.<br>нақты | 2021ж.<br>нақты | 2022ж.<br>нақты | 2023ж.<br>болжам | 2024ж.<br>болжам |
| «Богатырь Көмір» ЖШС | 2 311           | 2 292           | 2 669           | 3 337            | 3 458            |

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін сату бағасы тұтынушылардың 3 тобы үшін ҚР тұтынушылары үшін дербес–прейскурантпен бекітіледі (ҚТЖ жанасу станциясындағы энергетика, көмір жинау станциясындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер). Реттеу ҰЭМ ТМРБҚК Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асырылады.

### **11. Стратегиялық НҚК-нің орындалуы**

| №  | Атауы                                                          | 2020ж.<br>нақты | 2021ж.<br>нақты | 2022ж.<br>нақты | 2023ж.<br>болжам | 2024ж.<br>болжам |
|----|----------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|------------------|------------------|
| 1  | Таза табыс, млн. теңге                                         | 8 008           | 15 046          | 30 132          | 33 408           | 74 602           |
| 2  | Қарыз/EBITDA (арасалмағы)                                      | 2,67            | 2,41            | 1,90            | 2,70             | 2,55             |
| 3  | ROACE, %                                                       | 3,60            | 4,23            | 5,90            | 5,21             | 8,95             |
| 4  | Таза активтердің құны (NAV), млн.теңге                         | 400 623         | 412 899         | 442 753         | 473 305          | 547 214          |
| 5  | Корпоративтік басқару рейтингі                                 |                 | BB              | -               | -                | BBB              |
| 6  | ҚР-дағы электр энергиясы нарығының үлесі                       | 29,0%           | 31,1%           | 31,8%           | 30,0%            | 29,7%            |
| 7  | LTIFR*                                                         | 0,27            | 0,36            | 0,30            | 0,30             | 0,25             |
| 8  | Таза көміртегі ізін азайту**                                   | -               | -               | -               | -                |                  |
| 9  | Еңбек өнімділігі**, мың теңге / адам                           | -               | 10 154          | 13 273          | 13 376           | 17 854           |
| 10 | ROI**                                                          | -               | -               | -12%            | -                |                  |
| 11 | Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді шығару**, млрд. теңге | -               | -               | 381,5           | -                |                  |

\* Стратегиялық НҚК тізіміне 2019ж. бастап енгізілген.

\*\* 2021 жылғы 29 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, оның шеңберінде 7 стратегиялық НҚК айқындалды

Тұтастай алғанда, Компанияның стратегиялық көрсеткіштері 2020 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі кезеңде жақсаруға бейім. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды өткізу көлемдерін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер белгілеу, технологиялық қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ОЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады.

## 12. Игеру әдісі бойынша күрделі шығыстарға жасалған талдау

млн. теңге

| №        | ЕТҮ                                                                                                                                   | 2020ж.        | 2021ж.        | 2022ж.         | 2023ж.         | 2024ж.         |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|----------------|----------------|----------------|
|          |                                                                                                                                       | нақты         | нақты         | нақты          | болжам         | болжам         |
|          | <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                                                                                                        | <b>73 232</b> | <b>61 698</b> | <b>100 580</b> | <b>189 900</b> | <b>414 670</b> |
| <b>1</b> | <b>Инвестициялық жобалар, оның ішінде</b>                                                                                             | <b>40 718</b> | <b>25 206</b> | <b>58 372</b>  | <b>135 078</b> | <b>360 722</b> |
| 1.1      | Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-блокты қалпына келтіру                                                                        | 1 890         | 10 930        | 32 681         | 102 208        | -              |
| 1.2      | Екібастұз ГРЭС-2-ні №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру                                                             | 8 322         | 104           | 10 209         | 6 087          | 49 484         |
| 1.3      | Екібастұз кен орнының «Богатырь» кенішінде көмір өндіру, тасымалдау, біркелкілеу және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу | 25 504        | 9 693         | 7 896          | 4 257          | -              |
| 1.4      | «Көкөзек» ҚС-ны салу                                                                                                                  | 20            | 2 000         | 354            | -              | -              |
| 1.5      | Шардара СЭС-ті жаңғырту                                                                                                               | 1 134         | -             | -              | -              | -              |

| №        | ЕТҰ                                                                                                                   | 2020ж.        | 2021ж.        | 2022ж.        | 2023ж.        | 2024ж.        |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
|          |                                                                                                                       | нақты         | нақты         | нақты         | болжам        | болжам        |
| 1.6      | Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2-ні жаңғырту. ТЭН әзірлеу және сараптамадан өту                    | -             | 313           | 560           | 8 850         | 125 510       |
| 1.7      | Қуаты 200-250 МВт БГҚ салу арқылы ЖЭО-1 кеңейту                                                                       | -             | -             | 271           | 424           | 31 304        |
| 1.8      | Станцияның қуатын 450 МВт дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту                           | -             | -             | 334           | 5 897         | 142 242       |
| 1.9      | Электр желілерін қайта құру                                                                                           | -             | -             | -             | 2 219         | 10 132        |
| 1.10     | Алматы облысы Шелек кентінің ауданында қуаты 5 МВт ЖЭС салу                                                           | 2 254         | -             | -             | -             | -             |
| 1.11     | Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, болашақта 300 МВт дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу                         | 11            | 23            | 4 944         | 484           | -             |
| 1.12     | Қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу                                                                                   | 913           | 2 099         | 1 065         | 61            | 27            |
| 1.13     | Придорожное газ кен орны базасында ГТЭС салу                                                                          | 52            | 13            | -             | -             | -             |
| 1.14     | Алматы ЖЭО-2 – БЖК жылу магистралін қайта құру                                                                        | 35            | -             | -             | -             | -             |
| 1.15     | Қолданыстағы қуаты 45 МВт «Ерейментау-1» ЖЭС-ін әрқайсысының қуаты 2,5 МВт екі жел энергетикалық қондырғысына кеңейту | 42            | -             | 1             | 2 509         | -             |
| 1.16     | Басқа жобалар                                                                                                         | 541           | 31            | 57            | 2 081         | 2 023         |
| <b>2</b> | <b>Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>                                                                | <b>31 787</b> | <b>35 198</b> | <b>41 052</b> | <b>51 576</b> | <b>52 871</b> |
| 2.1      | «Богатырь Көмір» ЖШС (50%)                                                                                            | 5 547         | 4 243         | 7 995         | 6 570         | 6 046         |
| 2.2      | «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (50%)                                                                                 | 1 050         | 1 616         | 1 985         | 4 196         | 5 637         |
| 2.3      | «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС                                                                                                | 6 187         | 8 886         | 9 859         | 17 668        | 13 178        |
| 2.4      | «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ                                                                                          | 12 646        | 10 692        | 11 289        | 11 328        | 10 366        |
| 2.5      | «Алматы электр станциялары» АҚ                                                                                        | 5 616         | 9 042         | 9 563         | 9 673         | 13 963        |
| 2.6      | «Мойнақ СЭС» АҚ                                                                                                       | 307           | 415           | 103           | 1 508         | 3 366         |
| 2.7      | «Шардара СЭС» АҚ                                                                                                      | 6             | 10            | 54            | 27            | 20            |
| 2.8      | «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС                                                                                                | 94            | 90            | 85            | 91            | 91            |
| 2.9      | «Samruk-Green Energy» ЖШС                                                                                             | 3             | 26            | 22            | 21            | 20            |
| 2.10     | «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС                                                                                    | 332           | 180           | 96            | 491           | 148           |
| 2.11     | «Erementau Wind Power» ЖШС                                                                                            | -             | -             | -             | 3             | 36            |
| 2.12     | «Energy Solutions Center» ЖШС                                                                                         | -             | -             | -             | -             | -             |
| <b>3</b> | <b>Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>                                                                 | <b>690</b>    | <b>1 267</b>  | <b>1 157</b>  | <b>2 931</b>  | <b>1 077</b>  |
| <b>4</b> | <b>Өзге</b>                                                                                                           | <b>38</b>     | <b>26</b>     | <b>0</b>      | <b>315</b>    | <b>0</b>      |

#### 2020 жылы іске асырылған жобалар

2020 жылы «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы бойынша жұмыстар аяқталды. Станцияның белгіленген қуаты 126 МВт-ға дейін ұлғайтылды.

#### 2021 жылы іске асырылған жобалар

2021 жылы іске асырылған жобалар жоқ.

#### 2022 жылы іске асырылған жобалар

2022 жылы 21 шілдеде «Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, болашақта 300 МВт-ға дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу» жобасы бойынша «Еңбекшіқазақ ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ объектіні пайдалануға қабылдау актісі алынды. Жоба жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, жылына шамамен 226 млн.кВтсағ электр энергиясын қосымша өндіруге мүмкіндік береді.

#### 2023 жылы іске асырылатын жобалар

2023 жылы ОРУ-110кВ нысанына Алматы облысы Қарасай ауданының 220кВ «Қаскелең» ҚС біріктіре отырып, 110/10кВ «Көкозек»ҚС құрылысы» жобасын аяқтау және пайдалануға беру жоспарлануда

Сондай-ақ, «Богатырь» кесігінде конвейерлік көлікпен көмір жеткізудің ағынды технологиясын салу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Көмір өндіру бойынша өндірістік қуаттылықты ұлғайту жылына 42 млн. тоннаны құрайды. Айта кету керек, 2022 жылдың желтоқсанында бір конвейер желісі техникалық іске қосылды.

2023 жылғы желтоқсанда құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау және «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, №1 МАЭС-1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасын пайдалануға беру жоспарлануда. Жоба станцияның қуатын жобалық – 4000 МВт-қа дейін ұлғайтуға, сол арқылы Қазақстан Республикасының энергия жүйесіндегі электр энергиясының тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді.

Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Жобаны іске асыру жылына қосымша 215 млн.кВт•сағ астам электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, болашақта 300 МВт-ға дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу» жобасын аяқтау жоспарлануда.

#### 2024 жылы іске асырылатын жобалар

2024 жылы іске асырылатын жобалар жоқ.

### **13. Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері**

Сыртқы кредиторлардың ковенанттарының орындалуы:

| Ковенант                 | Норматив    | 2020 ж. нақты | 2021 ж. нақты | 2022 ж. нақты | Ескертпе  |
|--------------------------|-------------|---------------|---------------|---------------|-----------|
| Қарыз/EBITDA (ЕҚДБ, ҚХБ) | кемінде 3,5 | 2,96          | 2,70          | 2,14          | Сақталады |
| EBITDA/Пайыздар (ЕҚДБ)   | кемінде 3,0 | 3,76          | 5,00          | 5,92          | Сақталады |
| Қарыз/Меншікті           | кемінде     | 0,54          | 0,59          | 0,50          | Сақталады |

|                            |     |  |  |  |  |
|----------------------------|-----|--|--|--|--|
| капитал<br>(ЕАДБ және ҚДБ) | 2,0 |  |  |  |  |
|----------------------------|-----|--|--|--|--|

| Атауы                  | 2018<br>нақты | 2019<br>нақты | 2020<br>факт | 2021<br>нақты | 2022<br>болжам |
|------------------------|---------------|---------------|--------------|---------------|----------------|
| Қарыз/EBITDA           | 3,18          | 3,31          | 2,96         | 2,41          | 2,17           |
| Қарыз/Меншікті капитал | 0,65          | 0,56          | 0,54         | 0,59          | 0,50           |
| Ағымдағы өтімділік     | 1,04          | 0,70          | 0,75         | 0,53          | 0,57           |

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) кредиторлардың жарты жылдық есепте көрсетілген қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын сақтады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Акционер ұсынған қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізді.

### **Борыштық жүктеменің өсуі**

2022 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қоғамның шоғырландырылған номиналды борышы 314,6 млрд.теңгені құрады, есепті кезеңде номиналды борыштың өсуі 2021 жылдың қорытындыларымен салыстырғанда (349,9 млрд. теңге) – 35,3 млрд. теңгені құрады.

2022 жылы номиналды борыштың төмендеуі ЕҚДБ қарызын КО-да ішінара мерзімінен бұрын өтеуге және АДБ алдындағы қарыздың екі траншын толық мерзімінен бұрын өтеуге байланысты болды.

**Қоғам валюталық және инфляциялық тәуекелдерді нивелирлеу шеңберінде 2019-2021 жылдары мынадай іс-шаралар жүргізді:**

Инфляциялық тәуекелдерді нивелирлеу мақсатында АІХ алаңында Қоғамның алғашқы жасыл облигацияларын шығару есебінен Шардара СЭС-на ЕҚДБ қарызын мерзімінен бұрын өтеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұдан басқа, пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында ЕҚДБ-ның КО-ға қарызын 8 млрд.теңге сомасында ішінара мерзімінен бұрын өтеу және АДБ алдындағы қарыздың екі траншын 30,6 млрд. теңге сомасында толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді.

### **Пайыздық шығыстарды оңтайландыру**

Жоспарлы (56,6 млрд.теңге) және борышты мерзімінен бұрын өтеу (76,8 млрд. теңге) есебінен сыйақы шығыстарын төмендету, қаржыландыру шарттарын өзгерту және жаңа баламалы қаржыландыру көздерінен топтың қазіргі қарыздарын қайта қаржыландыру есебінен сыйақы мөлшерлемелерін төмендету бойынша жұмыстар жүргізілді.

### **Кредиттік рейтинг (Fitch Ratings)**

2022 жылғы 7 қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+» деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты» болып өзгерді.



## **14. Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер**

### **Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдай**

**COVID-19.** 2020 жылдың наурызында Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрін пандемия деп жариялады. Пандемияға байланысты қазақстандық билік органдары қозғалысқа тыйым салу және шектеу, карантин, өзін-өзі оқшаулау және кәсіпорындарды жабуды қоса алғанда, коммерциялық қызметті шектеу сияқты COVID-19 таралуын тежеуге және оның салдарын азайтуға бағытталған бірқатар шараларды қабылдады. Жоғарыда аталған шаралардың көпшілігі кейіннен жеңілдетілді, алайда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік органдар вирустың ықтимал жаңа түрлеріне жауап ретінде 2023 жылы қосымша шектеулер енгізуі мүмкін деген қауіп әлі де бар. Карантин кезеңінде топтың қызметі тоқтатылмады, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтықтан ұйымдастырылды. Топ басшылығының пікірінше, вирустың өршуіне байланысты бұл оқиға топтың қызметіне және шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

#### **Ресей мен Украина арасындағы соғыс**

2022 жылдың 21 ақпанында Ресей Президенті Луганск және Донецк Халық республикаларын мойындағанын жариялады, ал 24 ақпанда Украина аумағына әскери жұмылдырылған әскерлер жіберді. Ресейдің әрекеттеріне жауап ретінде Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ және кейбір басқа елдер Ресейге қарсы, соның ішінде бірқатар ресейлік қаржы ұйымдарын SWIFT-тен ажырату санкциялар енгізді. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады, оның үлесіне мұнай емес экспорттың 40% - ы тиесілі және негізгі сауда транзиті болып табылады, сауда атап айтқанда, қазақстандық шикі мұнайдың 80% дейін экспорттауға мүмкіндік беретін Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы жүзеге асырылады.

КҚК қызметі 2022 жылдың наурыз айында болған сұрапыл дауылдың салдарынан тоқтатылды, бірақ бұл мұнай бағасының өсуіне байланысты бюджетке айтарлықтай әсер еткен жоқ, алайда Ресейдің КҚК-ның қазақстандық шикі мұнайға арналған бағытын ұзақ уақыт жабуы Қазақстан экспорты мен жалпы экономика үшін елеулі зардаптарға әкеп соқтырады. Қазақстан билігі Каспий теңізіне, оның ішінде Әзірбайжан, Грузия және Түркия арқылы өтетін балама бағыттарды қарастыруда, бірақ олар қосымша инфрақұрылымға қомақты инвестицияларды талап етеді, ал КҚК бағытын ауыстыру көп жылдарға созылады. Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс және оның салдарынан теңгенің айырбас бағамы құбылмалы болды, ал инфляция деңгейі 2022 жылдың желтоқсанында 20.3% жетті. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін бірқатар шаралар қабылдады. Топ басшылығының пікірінше, Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты бұл оқиға Топтың қызметіне және шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, тек

жалпы макроэкономикалық импорттық жабдықты жеткізудің салдары мен кешігуі орын алды.

Ағымдағы экономикалық жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

### **Операциялық орта**

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді жалғастыруда. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа минералды шикізат бағасының өзгеруіне сезімтал. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді. Жоғары инфляция, 2022 жылғы қаңтардағы соңғы ішкі тәртіпсіздіктерден туындаған проблемалар, аймақтағы жалғасып жатқан саяси шиеленістер, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тарта отырып қиындықтар туғызуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және жалғастыру үстінде.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыру, валюта дәлізінің күшін жою және еркін өзгермелі айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау үшін интервенцияларға жол береді.

Осы есеп әзірленген күнгі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін белгіленген 462.65 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 445.98 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге). Осылайша, теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік сақталуда.

2022 жылдың қыркүйегінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның «BBB-» деңгейіндегі тәуелсіз рейтингін растады. Несиелік рейтингтің өзгеру болжамы сыртқы және қаржылық тәуекелдердің өсуі нәтижесінде «теріс» деңгейге дейін төмендетілді. Fitch агенттігі Қазақстанның ұзақ мерзімді рейтингін «тұрақты» болжаммен «BBB» деңгейінде растады. Тұрақты болжам үкіметтің күшті бюджеттік және сыртқы баланстарымен, мұнай кірістерінен жинақталған жинақтармен, таза қаржылық кредиторлық позициямен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі іске асыратын шаралармен нығайтылған қаржылық икемділік арқылы қолдау тауып отыр.

2022 жылдың басында ішкі толқуларға және Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың салдарына және одан кейінгі санкцияларға қатысты әлеуметтік шиеленістерге байланысты қиындықтар негізгі экспортталатын тауарлардың жоғары бағасымен және Теңіз мұнай кен орнының кеңеюі басталған 2024 жылдан

бастап мұнай өндірудің ұлғаюымен теңестіріледі. Сарапшылардың болжамы бойынша экономиканың өсу қарқыны 2022-2025 жылдары орта есеппен 3.6% құрайды.

Экономикалық орта Компания/Топ қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етіп отыр. Басшылық компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасында саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіштік өзгерістерге бейіл болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының келешегі елеулі деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушы және саяси жүйелердің дамуына, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін Компания макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамдық ақпаратты қолданады. Алайда, кез келген экономикалық болжамдар сияқты, оларды іске асыру болжамдары мен ықтималдығы белгісіздік деңгейінің жоғары болуына байланысты, соған сәйкес, нақты нәтижелер болжанатын нәтижелерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

### **Салық заңнамасы**

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі үздіксіз даму жағдайында, сондықтан түрліше түсіндірілуі және олар кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге тап болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда Қазақстанның салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсіндіруі басшылықтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданған есепке алу саясаттарынан, пайымдауларынан және бағалауларынан өзгеше болуы мүмкін, бұл Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеріс жүргізуі мүмкін.

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасатын деңгейлес мониторингті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты. Мәселен, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба аясында 2016-2020 жылдар аралығындағы ЕГРЭС-1 және Самұрық-Энерго (корпоративтік орталық) бойынша бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерді зерделеу жүргізілді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексерулер жүргізілді, салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламалар ұсынылды. Анықталған негізгі бұзушылықтар қарыздар бойынша сыйақылар

бойынша заңсыз шегерімдерді, сондай-ақ төлем көзінен КТС-ны төмендетуді қамтиды. Компаниялар өздерінің келіспеушіліктерін білдіріп, соттарда дауласу жұмыстарын жалғастыруда.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және топтың салықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топтар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық талаптары бойынша елеулі залалдарға ұшырамайды (23-Ескертпе).

### **Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде кеңінен таралған көптеген сақтандыру түрлеріне Қазақстанда әзірге қол жетімді емес. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында өндірістің тоқтауына немесе міндеттемелердің туындауына байланысты шығындарға батуы, Топ қызметі немесе апаттардың салдарынан жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға тигізетін залалдарға байланысты толық сақтандырылмаған. Топ әзірге толық сақтандырылмайынша, белгілі бір активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

### **Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаға қатаң талаптар қойылып, және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты ұстанымы үнемі өзгеруде. 2021 жылы Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырумен қатар, экологиялық кодекс қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді де қарастырады және қызмет салдарын жою бойынша талаптарды белгілейді.

Осы Кодекс ережелері Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті беретін ең үздік қолжетімді техниканы (ҮҚТ) қолдануға байланысты кешенді экологиялық рұқсаттар алуды міндеттейді.

Топтың белгілі бір кәсіпорындарына қолданылатын Экологиялық кодекстің басқа ережелеріне шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін орнату және қалдықтарды басқару әдістері кіреді. Толық бағалау жүргізілгенге дейін Қазақстанның жаңа экологиялық кодексінің жаңа талаптарының қаржылық салдарын бағалау мүмкін емес, бірақ қалдықтарды басқару және тиісті мониторинг процестерін әзірлеу үшін қажетті қосымша инвестициялар түрінде немесе қалдықтарды өндіру үшін төлемді арттыру түрінде экологиялық талаптарды сақтау құнының өсуі күтілуде.

Экологиялық кодекстің жаңадан енгізілген нормаларына сәйкес кәсіпорындарда қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелер бар, бірақ салдарларды жою жөніндегі талаптар объектілердің сипатына, қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне және кәсіпорындар қызметінің саласына байланысты айқындалатын өндірістік кәсіпорындар мен құрылыс объектілерінің санатына байланысты болады. Жаңа талаптар енгізілген сәттен бастап және 2022 жыл ішінде Топ топтың қаржылық есептілігіне жаңа талаптарды бағалауды жүзеге асырды. Осындай жұмыстың нәтижелері бойынша топ оның объектілерін пайдалану салдарын жоюға қатысты қосымша міндеттемелерді мойындады (4, 16 ескертпе).

Экологиялық кодекстің қолданыстағы редакциясы кезінде Топтың 2024 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде І санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттемесі болады. Қаржылық қамтамасыз ету: кепілдік; банктік салым кепілі; мүлік кепілі; сақтандыру түрінде беріледі. Қаржылық қамтамасыз ету жоғарыда аталған қаржылық қамтамасыз етудің бірнеше түрінің бірінде немесе банктік салым кепілі түріндегі қаржылық қамтамасыз ету үлесі мыналарды құрауы тиіс болған жағдайда І санаттағы объект операторының таңдауы бойынша олардың үйлесімінде ұсынылады:

1) объект пайдалануға берілген күннен бастап он жыл өткен соң (2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2031 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының кемінде елу пайызы;

2) 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін объект пайдалануға берілген күннен бастап жиырма жыл өткеннен кейін 2041 жылға дейін - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының жүз пайызы. І санаттағы объектінің операторы осындай объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі өзінің барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін қаржылық қамтамасыз етудің болуын үздіксіз қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржылық қамтамасыз ету мөлшері І санаттағы объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстардың есептік құнын негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады және әрбір жеті жыл сайын қайта есептелуге жатады.

Топ қоршаған ортаны қорғауға байланысты міндеттемелерін кем дегенде жыл сайынғы негізде мерзімді бағалауды жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу қаржылық есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілердің өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ сот практикасы нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал міндеттемелерді жеткілікті сенімділікпен бағалау мүмкін емес, бірақ олар айтарлықтай болуы мүмкін. Топ басшылығы қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасының сақталуын бақылаудың қолданыстағы жүйесі жағдайында осы қаржылық есептілікте танылғандарды немесе ашылғандарды қоспағанда, қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты туындайтын елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес Топтың парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алу бойынша заңды міндеттемелері бар. Топ үшін электр энергиясын жоспарлы өндіруге және өнім бірлігіне

парниктік газдар шығарындыларының үлес коэффициентіне байланысты 2025 жылға дейінгі көміртегі квоталарының көлемі белгіленген. ЕМАЭС-1 өндірісінің ұлғаюына байланысты Топ 2022 және 2021 жылдары парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығын дамытты. Топ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығын алуға өтініш беру үшін жұмыстар жүргізеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервке 2022 және 2021 жылдардағы (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2021 жыл үшін) парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алуға ЭГРЭС-1 міндеттемелері кіреді (19-ескерту).

#### **Күл үйінділерін жоюға арналған резерв**

Экологиялық кодекске сәйкес Топтың операциялық қызмет қалдықтарын орналастыру полигондары болып табылатын күл үйінділерінің учаскесін жоюға заңды міндеттемесі де бар. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күл үйінділерін жоюға арналған резервтің баланстық құны 2,481,986 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,826,592 мың теңге). Күл үйінділерін жоюға арналған қолда бар резервті бағалау Топтың техникалық-экономикалық негіздемемен және ағымдағы нормалар мен рекультивациялау жұмыстарын қалпына келтіру және жүргізу әдістеріне сәйкес инженерлік зерттеулермен бекітілген ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруіне негізделген. Бұл бағалау кейінгі табиғатты қорғауға қатысты зерттеу жұмыстары аяқталып, қолданыстағы рекультивация және қалпына келтіру бағдарламаларын қайта қараған кезде өзгеруі мүмкін.

#### **Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері-климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу**

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығын қолдайды және парниктік газ шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың басты компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10% қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды-азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

а) топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады (4-Ескертпе); және

б) Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық залалды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалады және мойындады (4-Ескертпе).

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

### **Күрделі сипаттағы міндеттемелер**

Топ өздерінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес тәуекелдеріне ұшырауын талдады, бірақ 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық көрсеткіштеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтамады. Топ күрделі сипаттағы міндеттемелерді орындау және айналым капиталын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздеріне ие.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалпы сомасы 65,331,177 мың теңгеге негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 84,376,182 мың теңге).

### **Қарыздар бойынша ковенанттар**

Топтың барлық банктік қарыздар мен облигациялар бойынша міндеттемелері, Самұрық-Энерго банктік кепілдіктері, сондай-ақ Самұрық-Қазынадан Самұрық-Энерго қарызы бойынша белгілі бір келісімдері бар (17-ескерту). Осы келісімдердің сақталмауы Топ үшін жағымсыз салдарға, соның ішінде қарыз шығындарының өсуіне және дефолтқа әкелуі мүмкін. 2022 және 2021 жылдың қорытындысы бойынша топ қарыздар бойынша ковенанттардың нормативтік мәндерін орындады, сондай-ақ бұзушылық оқиғасының орын алуы болжанған жағдайларда шекті төмендету бойынша вейверлер алды.

### **15. Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)**


Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді салыстыру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC);


Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- ОАО «Мосэнерго» (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Drax Group (Ұлыбритания).


## Бенчмаркинг нәтижелері:

| Критерий     | Мера        | Статус                                                                            | Min ————— Бенчмаркинг ————— Max                                                    |
|--------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Маржа EBITDA | %           |  |  |
| Долг/EBITDA  | коэффициент |  |  |
| Долг/СК      | коэффициент |  |  |
| ROIC         | %           |  |  |

### EBITDA margin, 2022ж.



### 2022 жылғы Return on Invested Capital (ROIC).






Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, Самұрық-Энергоның кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері аздау.

**Қаржылық тұрақтылық** көрсеткіштері Самұрық-Энергоның қолжетімді қаржылық левереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, **EBITDA margin және Қарыз/EBITDA** көрсеткіші бойынша, «Самұрық-Энерго» өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін көрсетеді. **ROIC** көрсеткіші (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) бойынша Самұрық-Энерго өзге еуропалық ұқсас компаниялар деңгейінен төмен.

Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұқсас жария компанияларға қарағанда ҚР Үкіметіне тиесілі екенін атап өту қажет, осыған байланысты Қоғам мемлекеттік саясаттың электр энергетикасы саласындағы жолсерігі болып табылады. Осыған орай, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейлінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар (Қазақстан Республикасы энергетикалық жүйесінің сенімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталған) іске асырылды, бұл инвестицияланған капиталдың едәуір өсуіне әкеліп соқты, сәйкесінше инвестициялардың рентабельділік көрсеткішін төмендетті.

Қазақстан Республикасын өзге елдердегі ұқсас компаниялармен салыстырғанда электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы инвестициялардың рентабельділік көрсеткіштеріне әсер ететін қосымша фактор болып табылады.



| Ел          | кВтс үшін орташа тариф | Теңгемен/кВтс     | 2021 жылғы жағдай бойынша орташа бағам |
|-------------|------------------------|-------------------|----------------------------------------|
| Қазақстан   | 20,45 теңге            | 20,42 теңге/кВтс  |                                        |
| Ресей       | 4,44 рубль             | 30,73 теңге/кВтс  | 6,92 теңге/рубль                       |
| Чехия       | 0,19 еуро              | 92,15 теңге/кВтс  | 485,28 теңге/еуро                      |
| Ұлыбритания | 0,30 фунт              | 170,92 теңге/кВтс | 569,73 теңге/фунт                      |

*Дереккөз: Евростат, Росстат*